



JAS QAZAQ ЖАЗЫП ЕДІ



ХАНТАЛАПАЙ – 2



немесе бітпеген
құрылыстың жыры

Өскеменде 2011 жылы бюджеттен 4 млрд теңге бөлініп, мың студентке арналған оқу ғимаратының құрылысы басталған болатын. Кейін әлгі құрылыс аяқсыз қалады. Бұл туралы газетіміздің 2016 жылғы 5 ақпан күнгі №4(576) санында «Ханталапай» деген атпен құрылысы аяқталмаған білім нысаны туралы жазған болатынбыз. Одан бері де аттай екі жыл өтті.

Сол кезде Jas qazaq газетіне сұхбат берген Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің маманы «Нысан біздің құзырымызға кірмейді» деп, жауапкершілікті білім және ғылым министрлігіне сілтегенді. Ал министрліктің баспасөз қызметі болса, құрылысқа ШКО әкімдігі мен білім және ғылым министрлігінің жауапты екенін, сонымен бірге құрылысты аяқтауға сметалық құжаттың дайындалып жатқанын, тағы қанша ақша кететінін есептеп жатқандарын айтқан болатын.

Осы аптада шығыстағы тілшіміз Оразай Жәнісұлы аяқталмаған нысанды көріп қайтты. Еш өзгеріс жоқ. Машина құрастырушы мамандардың біліктілігін арттыруға арнап салынған нысанға әлі күнге дейін сынық шеге қағылмапты. Күннен-күнге тозығы жетіп, сыртын қаптаған мәрмәр тастары желге ұшып, жанбырға мүжіліп кеткен. Дәл осылай қараусыз тұра берсе, енді бір жылдан кейін, бір кездері даңқы шығысты шарпыған алып орталық құл-қоқысқа айналуы мүмкін. Өскемен қаласы әкімінің баспасөз хатшысы бізге берген сұхбатында «Өскемен қаласындағы машина жасау саласына

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бибігүл АСЫЛОВА, білім және ғылым министрінің орынбасары:

«Әу баста белгілі бір бағдарлама аясында Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар облысынан өңіраралық үш орталық салу бастамасы қолға алынған болатын. Алайда Шымкенттегі орталықтың құрылысы басталмай қалды. Екібастұз қаласындағы ғимарат әкімдіктің иелігіне тапсырылды. Ал Өскеменде салынған орталық әкімнің бастамасымен әлеуметтік қажеттіліктерге керек деген соң, жергілікті атқарушы мекеменің балансына берілген болатын. Сондықтан ол ғимараттың мәселесін әкімнің өзі шешуі тиіс. Оған біз араласа алмаймыз. Жалпы ғимараттың жобасы білім саласына бейімделгенін ескерген жөн»

мамандарды даярлау және қайта дайындықтан өткізу колледжі құрылысының біраз жылдан бері тоқтап қалғаны барлығымызға мәлім. Қазіргі уақытта бұл ғимараттың, яғни бұл колледждің Өскемен қаласы әкімдігі құрылыс бөлімінің балансына берілгендігі белгілі болып отыр. Алдағы уақытта мамандар техникалық сараптамалық жұмысын толық

аяқтағаннан кейін, ғимаратты болашақта қандай мақсатта пайдалану керектігі анықталады», — деді. Естеріңізге сала кетейік, әуелде бұған облыстық бюджеттен 4 миллиард теңге бөлінген екен. Құрылыс 2011 жылы басталып, 2012 жылдың аяғында, Тәуелсіздік күніне орай пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Бірақ нысан жарым-жартылай салынған күйі аяқсыз қалады. 2013 жылдың көктемінде қаржы полициясы орталықты салуға бөлінген ақшаның 1,5 миллиард теңгесі қолды болғанын анықтап, қылмыстық іс қозғайды. Арada біраз уақыт өткенде осы іс бойынша бұрынғы білім және ғылым вице-министрі Саят Шаяхметов пен сол кездегі министрліктің қарамағында салынып жатқан құрылыс нысанының бас директоры Александр Пак тұтқындалды. Одан бері қанырап қалған бетон қабырғаларды мұқ басып, еденіне тасжарған өсе бастапты.

Жарас КЕМЕЛЖАН

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы ресми ашылған уақытта тек шикізат ғана емес, ауыл шаруашылығын дамытуға да инвестиция тартылатын болады. Бұл туралы аталған орталықтың басқарушысы Қайрат Келімбетов Алматыда өткен XV Еуразия Медиа Форумы барысында Jas qazaq тілшісіне айтты.

Қайрат КЕЛІМБЕТОВ:

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТАМЫЗ



Jas qazaq: Қайрат Немәтұлы, шілде айында көптен күткен қаржы орталығының ресми ашылуы өтеді. Оған дайындық барысы қалай?

Қ.Келімбетов: Екі жыл бойы дайындық жұмысын жүргізіп, осы жылдың шілде айында АХКО-ның ресми таныстырылымын өткіземіз. Жоспарға сәйкес, инвестициялық банктер мен активтерді басқаратын компаниялар, Исламдық қаржы институттары және жаңадан қаржы технологияларын игерген компаниялардың барлығы бізге келеді. Соңғы жылдары біз арнайы жұмыс жүргіздік. Ағылшын жалпы ережесі аясында 50-ден астам нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Лондон, Дубай, Сингапур, Гонконг сияқты халықаралық қаржы орталықтарының үздік тәжірибесін ескердік. Осы заңдарға сәйкес, жаңадан бірнеше институт құрылды. Біріншісі — биржа. Американдық Nasdaq пен қытайлық Шанхай қор биржасымен бірлесіп арнайы биржа құрдық. Онда жекешелендіру процестері болады. Тек осы жылдың аяғына дейін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының құрамына кіретін компанияларды жекешелендіру процесі жүргізіледі. Солардың ішінде «Эйр Астана», «Қазақтелеком», «ҚазАтомӨнеркәсіп» Ұлттық компаниялары бар. Жоспарымызға сәйкес, жылдың аяғына дейін жұмысты бастаймыз. Біздің ойымызша, инвестиция тартуға мүмкіндік көп. Инвестиция тарту бойынша мемлекеттік мекемелермен де бірлесіп жұмыс істейміз. Сонымен қатар біз АХКО Тәуелсіз сотын құрдық. Оған 9 адам тағайындалды. Олар Ұлыбританиядан арнайы келіп, тәжірибесімен бөлісетін болды. 5 шілдеден бастап біз айтып отырған қызметтің бәрі түгелдей көрсетіле бастайды.

Jas qazaq: Инвесторлар қызығушылық танытып жатыр ма?

Қ.Келімбетов: Қызығушылық танытып жатқандар өте көп. Әсіресе, Қытай мен Ресейден. Жалпы барлық инвестиция тарту бойынша біздің негізгі бағытымыздың 50 пайызы Азиядан, оның ішінде Қытайдан болады. Ал 30 пайызы — Еуразия аумағынан. 20 пайызы басқа елдердің еншісінде. Біз инвесторға барынша жағдай жасауға тырысамыз. Алдағы 5-7 жылда 10 млрд доллардан астам инвестиция тартуды жоспарлап отырмыз.

Jas qazaq: Инвестиция тартуда нақты қай салаға басымдық беріледі? Шикізатқа ма, әлде дайын өнімге ме?

Қ.Келімбетов: Менің ойымша, біз осыған дейін көбінесе шикізатты өндіруге инвестиция тарттық. Соңғы 25 жылдың ішінде 250 млрд доллардан астам инвестиция құйылыпты. Біз сол жұмысты жалғастыратын боламыз. Бірақ негізгі мақсат — шикізат өндіру емес. Басқа салаларды қамтымақпыз. Мәселен, ауыл шаруашылығына, логистикаға, инфрақұрылымға инвестиция тартуды көздеп отырмыз.

Сұхбаттасқан Елдос ӨМІРЗАҚ

ЖӘДІГЕР

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ



Елімізде соңғы жылдары Ұлттық спорттың беделі артып келеді. Қазақ жастарының төл спортымызға деген көзқарасы түзелді. Мемлекет те ұлттық спорттың дамуы үшін жан-жақты қолдау білдіріп жатыр. Өткен жылы елімізде өткен «ЭКСПО» халықаралық көрмесі аясында мәдениет және спорт министрлігі өңірлерді есепке алмағанда, Астананың өзінде ғана ұлттық спорт түрлері бойынша 10-нан астам шара өткізді.

(Жалғасы 11-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

79,26



DOLLAR

326



EURO

382



РУБЛЬ

5,29

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

Түс қалтама
түс тиын



(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК

Қазақстан халықаралық лаңкестікті жалпы әлемдегі және Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының жауапкершілігі аясындағы ең өткір мәселе деп санайды. Бұл туралы Елбасы Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына мүше мемлекеттердің қауіпсіздік кеңестерінің хатшылары және қорғаныс министрлерімен кездескенде айтты.

Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының Жарғылық мекемелері кең ауқымды мәселелерді қарастырады. Атап айтқанда,



БІРЛЕСЕ КҮРЕСКЕН ТИІМДІ

әскери саладағы көп жакты ынтымақтастықты дамыту, халықаралық лаңкестікке, заңсыз есірткі айналымына және заңсыз миграцияға қарсы күрес жүргізу, сондай-ақ үйлесімді ақпараттық саясатқа қатысты ұстанымдарды әзірлеу. Мемлекет басшысы әлемде және аймақта күрделі әскери-саяси ахуалдың сақталып отырғанына тоқталды. Сондай-ақ халықаралық лаңкестік ұйымдардың белсенді әрекет етіп, ақпараттық кеңістікке төнетін қауіп-қатердің артып келе жатқанына назар аударды.

Нұрсұлтан Назарбаев «Бірлескен қызмет келісілген бағытта және Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының 2025 жылға дейінгі даму стратегиясында нақтыланған жарғылық міндеттерге сәйкес жүргізілуі тиіс. Жедел әрекет етуші ұжымдық күштеріміз әрдайым өзіне жүктелген міндеттерді орындауға дайын», — деді.

Мемлекет басшысы Алматы облысында өткен «Кобальт-2018» оқу-жаттығу шараларының нәтижесіне тоқталды. Жедел әрекет етуші ұжымдық күштерді материалдық-техникалық

саны едәуір өскен. Сондықтан оның жұмысы сапалық тұрғыдан жақсарды деп үміттенуге құқымыз бар. Елбасы халықаралық лаңкестікке қарсы тұру ісінде ұжымдық күш-жігердің тиімді болатынын атап өтті.

Сонымен қатар алқалы жиында Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының халықаралық қоғамдастықпен байланысын кеңейту, қауіп-қатерге қарсы тиімді шаралар ұйымдастыру, ақпараттық және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі сөз болды.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

5,7

млн. Алматыда төркіленген спирт ішімдігіне арналған бөтелке саны

600

млн. Семейдегі тұрғындар жылу мекемесіне осынша төнге қарыз

1

млн. комбанктерге осынша отандасымыз қарызын қайтара алмаған

Қорған

Барлық мемлекеттік мекемелер цифрландыруға көшіп жатқан кезде киберқауіпсіздік жайын ұмытуға болмайды. Осы ретте ақпараттық қауіпсіздік ең маңызды саланың бірі болып отыр. Ақпараттық қауіпсіздікті мемлекеттік мекемелер бірлесе отырып, қамтамасыз етуіміз керек. Бұл туралы Премьер-Министрдің орынбасары Асқар Жұмағалиев Астанада өткен жиында айтты.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өткен конференцияда А.Жұмағалиев «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы елімізде белсенді түрде жүзеге асырылып жатқанына тоқталды. Сонымен қатар экономиканы цифрлық

АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗ БОЛСЫН ДЕСЕК...



жүйеге енгізу жолында киберқауіпсіздік мәселесін шетке ысырып қоюға болмайтынын атап өтті. Оның айтуынша, «Киберқалқан» атты тиісті тұжырымдама бекітіліпті. Бірқатар шара жүзеге асырылып, «Ақпараттық қауіпсіздік комитеті» құрылған. Сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Ұлттық үйлестіру орталығы құрылып, оған да біршама міндет жүктелуде.

7 сөз

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДА АШЫЛАТЫН ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ СЫАҚЫСЫ ТӨМЕНДЕТІЛДІ

Қаржы

2008-2009 жылдардағы қаржы

дағдарысынан кейін отандық банк саласында туындаған түйткілдер тым баяу шешілді. Көп жағдайда, тіпті жылы жауып қойылды десе де болар. Проблемалық несиенің көптігі жүйелі шешімдерді қажет етті. Алайда коммерциялық банктер бұрынғы жүрісінен танбады. Бұл туралы Еуропа бизнес қауымдастығы өкілдерімен банктер бұрынғы жүрісінен танбады. Бұл туралы Еуропа бизнес қауымдастығы өкілдерімен Ақышев айтты.

Банктер нақты түйткілдерді шешудің орнына қарызын қайтара алмайтындардың мәселесін қайта бағамдаумен шектелген. Банк жүйесін жаппай сауықтыру жұмысын жүргізбеген.

«2014-2017 жылдары экономиканы несиелеу көлемінің тең жартысы орташа банктердің үлесінде болды. Алайда бұл банктердің

Бас банкирдің айтуынша, бұл заң өзгерістері Парламентке жіберілді.

Д.Ақышев «Қазақстанның банк саласының қаржы тұрақтылығын арттыру бағдарламасына енбей қалған орта және шағын банктерге қатысты арнайы бағыт бар. Банк акционерлерімен әрмен қарайғы даму стратегиясы жөнінде келіссөздер жүргіземіз. Мұнда акционерлер банк бизнесі өздеріне керек пе, банк капиталына ақшасын салуға дайын ба деген сауалдарға жауап береді», — деді.

Осыдан екі-үш күн бұрын «2015-2017 жылдардағы Қазақстанның қаржы тұрақтылығы» есебі таныстырылды. Сол кезде Ұлттық банктің мерзімінен бұрын депозиттен ақша алмау амалдарын жетілдіруді қолға алатыны мәлім болды.

Негізі депозитке сенім жоқ екені бұрыннан белгілі. Қандай да бір банкке қатысты сыбыс шыкса, жұрт ондағы салымын «сыпырып» алуға жүгіреді. Сондықтан жеке және заңды тұлғалардың депозиті комбанктерді қорландырудың

БАНК САЛАСЫН САУЫҚТЫРУҒА БАҒЫТ АЛДЫ

экономикадағы рөлі айтарлықтай емес. Орташа банктер акционерлермен байланысы бар адамдарға материалдық емес кепілзат арқылы несиелеуді белсенді жүзеге асырып, либералдық саясат жүргізді. Ақырында мұндай несие саясаты қаржы қиындықтарына әкеп соқтырды. Осы проблемаларды анықтаған соң, біз банк саласын сауықтыруға арналған кешенді шараларды дайындадық. Өткен жылы банк саласындағы қаржы тұрақтылығына арналған бағдарлама қабылданып, жүзеге асты», — деді Ұлттық банктің төрағасы Данияр Ақышев.

Банк саласын сауықтырудың алғашқы қадамы ең әуелі «Қазкоммерцбанктен» басталған көрінеді. Оның еліміздегі ірі банкпен бірігетіні жайындағы әңгіме бір-екі жылдан бері айтылып жүр. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде тұрғындардың, мемлекеттік және жеке компаниялардың 4,5 трлн теңге салымы сақталды.

Екінші қадам – әлеуметтік манызы бар бес банкке қолдау көрсету. Оларда тұрғындар мен квазимемлекеттік компаниялардың 2,2 трлн теңгесі сақтаулы.

Үшіншіден, тәуекелі жоғары саясатты жүзеге асыратын банктерге Ұлттық банк тарапынан қадағалау мандатын күшейту. Мұндай қадағалау банк саласында осыған дейін орын алған «оқыс жәйттердің» қайталанбауы үшін қажет.

тұрақты көзі бола алмайтыны белгілі. Мұны шешудің бір жолы — салымды мерзімінен бұрын алуды тиімсіз ету.

«Азаматтық кодекс бойынша, банктегі салымды кез келген уақытта алуға болады. Клиенттің құқығы келісімшартта көрсетіледі. Жедел депозит иесіне банк ақшаны 5 күн ішінде қайтаруы тиіс. Біз ол құқықты жоюды ұсынып отырған жоқпыз. Банктер депозитті аяқ астынан алған кезде айыппұл салады. Бірақ депозиттердің жедел нарығын құруға ол жеткіліксіз», — дейді Ұлттық банктің макропруденциалық саясатты талдау басқармасы бастығының орынбасары Динара Тазетдинова.

Оның пікірінше, депозитті келісімшартта көрсетілген мерзімге дейін сақтау тиімді болуы керек. Сол себепті де Ұлттық банк екінші деңгейлі банктерді комиссия мен айыппұлсыз салымды мерзімінен бұрын қайтаруға да, керісінше, ондай шарт қарастырылмаған өнімді ұсынуға ынталандыруды жөн көреді. «Мерзімінен бұрын алғаны үшін айыппұл төлемейтін болса, онда депозиттің мөлшерлемесі де төмен болғаны дұрыс», — дейді Динара Тазетдинова. Сәйкесінше, келісімшартта көрсетілген мерзімге дейін алынбайтын салымның мөлшерлемесі де жоғары болмақ.

Гүлнар СЕЙДАХМЕТҚЫЗЫ

Қызықтан қызықтары

«ОҢАЙДЫ» ҮПТЕП ЖҮР

«Алматы қаласы көлік холдингінің» атын жамылған жалған бақылаушылар пайда болыпты. Олар жолаушының картасын тексереміз деген сылтаумен ақша ұрлайтын көрінеді. Әлгі «қой терісін жамылғандарды» қоғамдық көліктерден кездестіріп қалуыңыз әбден мүмкін. Өйткені олар көдімгі бақылаушылар сияқты сіздің «Онайдан» оп-оңай

«Оңай» оңай болмады, ақыры. Алматының қоғамдық көліктеріне қойылған құрылғының түйіні бұрын да талай рет қиындық тудырып еді. Бұл жолғы даудың бегенайы бөлек.



ақшанызды шешіп, жөнімен кете береді екен. Компания қала тұрғындарына алаяқтардың арбауына түсіп қалмауға шақырып отыр.

Қайырбек ӨСКЕНБАЕВ,
инвестициялар және даму вице-министрі:



«Баспанаға мұқтаж әр адамға дейін нақты білеміз. Жергілікті атқарушы мекемелердің мәліметіне сәйкес, қазір

465 091 адам пәтер кезегінде тұр. Оның ішінде мүгедектігі немесе әлеуметтік жағдайының төмендігі бойынша тіркелгендер туралы да нақты мәлімет қолымызда. Ал «Тұрғын үй құрылысжинақ банкі» салымшыларының саны – 1 млн 96 мың адам. Олар да кезекте тұрған соң пәтерге мұқтаждар қатарына жатқызып отырмыз. Мұнан бөлек, 1 миллионнан астам адам жер телімін талап етуде. Оларды да есепке алдық. Сонда 2,5 млн адам пәтерге мұқтаж болып шығады»

Нұртай СӘБИЛЯНОВ,
Мәжіліс депутаты:



Қазіргі кезде тұрғын үй кезегінде тұрған баспанаға мұқтаж азаматтар бар. Олардың бірқатары XX ғасырдың 90-шы жылдарынан, кейбіреулері XXI ғасырдың басынан кезекте тұрған. Сондықтан 90-95 жылдары кезекте тұрған азаматтарды бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз етуге ерекше назар аударып, оған қаражат көп бөлінуі тиіс. Кейінгі тұрғындарды сәйкесінше рет-ретімен қамтамасыз етуіміз қажет.



1+2

Диалог алаңы

Сәрсенбі күні еліміздің оңтүстік астанасында XV Еуразия Медиа Форумының салтанатты ашылу рәсімі болды. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың форумға жіберген құттықтау хатында былай делінген: «Эволюцияның 15 жылы: құбылмалы дүние және бізге өзгеріс әкелген әлем» атты күн тәртібі форумның рухын дәл көрсетіп тұр. Бұл журналистер мен сарапшылар қауымына ғаламдық ақпараттық кеңістіктегі көкейкесті мәселелер бойынша пікір алмасуға, өз ұстанымын айқындауға мүмкіндік береді».

Мемлекет басшысы ақпаратқа қол жеткізудің ашық арналарын жетілдіріп, үздіксіз диалогты қамтамасыз ету қажет деп санайды. Бұл өз кезегінде пайда болған барлық түйткілді шешуде ынтымақтастық орнатуын өзекті шарты болып табылады. Сондай-ақ Елбасының құттықтауында «Еуразия Медиа Форумы — барлық көкейкесті мәселелерді талқылаудың тағы бір мүмкіндігі. Кәсіби құрам мен форумның нәтижелілігі барлық қатысушыларға пайдалы болып табылатын сындарлы пікір және тәжірибе алмасуды қамтамасыз етеді. Барлық қатысушыларға жемісті пікірталас пен жарқын әсер тілеймін» делінген.

Дәурен Абаев ақпарат және коммуникациялар министрлігі атынан ЕАМФ Ұйымдастыру комитетінің

журналистермен бәсеке түсуде. Өз кезегінде басылымдардың таралымы азайды. Телевизияның бұрынғыдай үстемдігі жоқ. Өйткені смартфон бар кез келген адам өзі репортаж жасап, тіпті деректі фильм түсіре алады. 2005 жылы пайда болған ауқымды You Tube видеохостингі авторлардың ұжымдық студиясына айналды. Мұнда олар өз бағдарламасын, видеоблогын, сюжетін орналастырып, миллиондардың аудиториясына ұсынады.



Оның пікірінше, тежеусіз ақпарат ағыны түрлі проблема туғызды. Сондықтан технологиялық жаңалықты пайдаланғанда жауапкершілік танытқан жөн.

Д.Назарбаева «Медианы жедел модернизациялау, цифрландыру өзімен бірге түрлі түйткілдерді де алға тартты. Интернет кеңістігіне оп-онай кіру өзін танытқысы келетін дарынды адамдарға

жайсыз пікір білдіру мүмкіндігі болып табылады», — деп форумдағы өз сөзін түйіндеді.

Алқалы жиында шетелдік және отандық медиа-сарапшылар халықаралық қарым-қатынас эволюциясындағы БАҚ-тың рөлін талқылады. Модератор болған RizKhan Productions компаниясының (БАӘ) басшысы Риз Хан осы жиын халықаралық қарым-қатынастардың «ғаламдық салқын леп» жағдайында өтіп жатқанын еске салды.

БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің басшысы Давид Чикваидзе террористер мен қылмыскерлердің қатысуымен қазіргі қалыптасуының аралас сипат алғанына тоқталып, «Қазақстан жауапкершілігі зор және саликалы елдердің бірі болып табылады. Ол халықаралық құрылымдарда жетекші рөлге ие», — деді.

Еліміздің сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов өз сөзінде Қазақстанның қалыптасуына тартылған немесе қарама-қайшылық жағдайында тұрған елдерге үлгі көрсетіп, әлем картасында қауіпсіз инвестициялап, жергілікті қонақжайлықтан рахат алуға болатын ашық мемлекет барын

паш ету мүмкіндігіне ие екенін айтып өтті. «Соңғы 10-15 жылда дискриминация, ланкестік әрекеттер өте көп болды. Сондықтан біз түрлі мәдениет пен діндерге өзара төзімді болу мәдениетіне тәрбиелеуге тиіспіз», — деді Ахмет бин Мұхаммед Әл Жарван, БАӘ ұлттық



ғана емес, небір авантюристерге, қылмыскерлерге, түрлі насихатшыларға, терроризм теоретиктері мен практиктеріне, араздық пен өшпенділікке шақыратындарға да жол ашты. Әлгі тролль деп аталатын ақпарат соғысының көзге көрінбейтін жауынгерлері, сондай-ақ жалған жаңалық — фейк жасайтындар қып-қызыл бөлеге айналды. Мойындаған жөн, бұлардың қасында таблоид тәуір дүние сияқты болып көрінеді» — деді.

Соңғы он бес жылда халықаралық ахуал да ұшығып кетті. «Қырғикабақ» соғыстың белгілері кейде нағыз ұрыс қимылдарынан хабар беретіндей боп көрінеді. Мемлекеттер басшыларының сөз ауаны да өзгерді. Мұның бәрі медида көрініс таппай қоймайды.

Сенат депутаты «Мен суреттеген картина тым аныштығы болып көрінуі де мүмкін. Бәлкім, солай шығар. Онда ол осы форумда сөз саяйсы, жокка шығару мен пікірталас тақырыбына айналсын. Меніңше, біздің форумның өткен 15 жылдағы басты жетістігі де сол — шынайы да әділ, сонымен қатар жалған саяси ұстамдылыққа жанаспайтын

федералдық кеңесінің мүшесі, бейбітшілік пен толеранттық бойынша жаһандық кеңес президенті.

Мерейтойлық Форумның спикерлері арасында мемлекет қайраткері, бұрынғы премьер-министр, Италия парламентінің сенаторы (Тоскана) Маттео Ренци, BBC телеарнасының редакторы, «Эмми» сыйлығының иегері Гэвин Хьюитт, ЕҚЫҰ-ның БАҚ-тағы сөз еркіндігі бойынша өкілі Арлем Дезир, американдық саяси технолог, президент Барак Обаманың екі бірдей сайлау науқанындағы белді кеңесшісі Роджер Фиск, Жапонияның тұрақты энергетиканы дамыту институтының директоры Тецунари ИидаНВО кабельдік және спутник тележелісінің VICE News Tonight шетелдік жаңалықтар бөлімшесінің басшысы Норин Жамиль бар.

Айта кетейік, Jas qazaq жазеті Медиа Форумның ақпараттық серіктесі болды.

Елдос ӘМІРЗАҚ

QOQAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Орайы келген сұхбат

Жуырда Семейдің шетіндегі қарағайлы орманнан от тұтанып, қас пен көздің арасында 100 гектар жер өртеніп кетті. 300-ге тарта адам, елудің үстіне техника жұмылдырылып, тіпті арнайы тікұшақ шақыртылды. Орман шаруашылығы мамандарының алдын ала болжамдары бойынша, өрттің тұтануына адам факторы себеп болуы мүмкін. Қазір жедел штаб құрылып, жұмысқа кірісіп кетті. Төтенше жағдай қызметіне тікелей жауапты ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов сәрсенбі күні үкімет отырысына келіп, саладағы бірқатар өзекті мәселені жайып салды. Аймақтағы әкімдіктер тілсіз жаумен күресуге дайын емес екен.

Қ.ҚАСЫМОВ:

ӘРБІР БЕСІНШІ ТЕХНИКА ЖАРАМСЫЗ

— Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы, егер өңірлердегі әкімдіктер, оларға қарасты тиісті құрылымдар сақалай сай болғанда, Семейдегі орман өрті ертерек сөндіруге болар ма еді? Жыл сайын бюджеттен қыруар қаржы бөлінеді, түрлі дайындық шаралары өтеді. Соған қарамастан тілсіз жаумен күресуге тиісті мекемелер неге қауқарсыз?

— Жалпы соңғы жылдары ел аумағында осындай төтенше оқиғалар жиілеп барады. Мысалы, 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы екі есеге көбейген. Аймақтарда алдын ала қамданыс шараларын жүргіздік деп есеп бергенімен, іс жүзінде жағдай

және орман мекемесі жауап береді. Қазіргі таңда оларда 30 өрт сөндіру автоцистернасы қолданысқа дайын. Негізінде 55 автоцистерна болуы қажет.

Солтүстік Қазақстан облысындағы 13 орман мекемесінде орман алқабын өрттен қорғау үшін 34 автоцистерна болуы керек. Бірақ қолданыста тек 22 техника бар. Ақтөбе облысының Ырғыз, Торғай мемлекеттік табиғи резерватында ешқандай автоцистерна жоқ. Жамбыл облысында да өрт сөндіретін техникаларда ақау болған. Соның салдарынан өрттің аумағы аз уақыттың ішінде 6 мың гектарға дейін жеткен. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдіктер тарапынан тиісті жабдықтармен, техникамен қамтамасыз ету жағы



жеткіліксіз. Қолда бар әрбір бесінші техниканың пайдалану мерзімі әлдеқашан өтіп кеткен. Сол себепті мұндай техникалар өртті дер кезінде сөндіруге дайын болмайды.

— Техниканың жетіспейтінін айтып, үкіметті хабардар еттіңіз. Енді қандай қам-қарекет жасап жатырсыздар? Қолда бар мүмкіндікпен алдағы жазда төтенше жағдаймен күресе аламыз ба? Биыл ауа райына қатысты қандай болжам бар?

— Биыл бұл салаға 1,9 млрд теңге бөлініп отыр. Оның өзі жеткілікті. Төтенше жағдаймен күреске қажетті шараларды қолға алу үшін уаде етілген қосымша қаржы әлі түскен жоқ. Жыл басынан бері ел аумағында 45 орман және

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,

Премьер-Министр:

«Біз БАҚ беттерінен әкімдіктердің жыл сайын қымбат автокөлік сатып алатынын оқып отырамыз. Ал орман, дала өрті сөндіруге, тасқын суға тойтарыс беруге қажетті техниканы алуға келгенде ақша болмай қалады. Сол себепті бастапқыда қажетті құжаттарға, қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселесіне көңіл бөлу қажет. Кейін ақша артылып жатса, қалғанын аларсыздар»



басқаша. Ең басты проблема арнайы техникалар, қажетті жабдықтар жетіспейді. Соның салдарынан соңғы 5 жылда еліміздегі орман, дала алқаптарында 20 мыңнан аса табиғи өрт болды. 600 млн теңге көлемінде материалдық залал келді. Осы уақыт аралығында тілсіз жаудың кесірінен 20 адам көз жұмды. 2300 бас мал жанып кетті. 140 гектар арпа және бидай егілген алқап өртенді. Мұндай шығындардың көбеюі өңірлердегі әкімдіктер өрт кезеңіне дайын емес, дұрыс қамданбайды. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының табиғатты қорғау мекемесін алайық. Олардың аумағында 460 мыңнан астам орман қоры бар. Нормаға сәйкес, онда 14 өрт сөндіру автоцистернасы болуы керек. Қазіргі таңда бар-жоғы үш автоцистерна пайдаланылуда. Ал Алматы облысының аумағында 5,3 млн гектар орман алқабы бар. Оған 22 табиғатты қорғау

4 дала өрті орын алды. 4 млн теңгеден аса материалдық шығын келді. Биылғы болжам бойынша, Қазақстанның оңтүстік, батыс, шығыс аймақтарында жер құрғап, жауын-шашын аз түсуі ықтимал. Ауа температурасы 41 градусқа дейін көтеріледі деген болжам бар. Дегенмен, жергілікті жерлерде жоспар бойынша дайындық шаралары басталып кетті. Мамыр айының соңына дейін төтенше жағдай комитеті ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдіктерге қарайтын ұлттық парктарды, табиғи қорықтарды толық тексеріп шығуы тиіс. Алдын алу кезінде ғарыштық мониторинг жасаудың мүмкіндіктерін пайдалануды ойластырып жатырмыз. Шекаралық аумақтарда ресейлік әріптестермен бірігіп, оқу-жаттығу өткізу де жоспарланған.

— Өңіміңізге рахмет.

Бейсен НАРЫНБЕК, Астана қаласы

KADEX – 2018

Астанада KADEX – 2018 әскери қару-жарақ көрмесі өтіп жатыр. Көрменің салтанатты ашылуына Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысты. Елбасының құттықтау сөзінен кейін KADEX көрмесінің туы көтерілді. Биылғы көрмені еліміздің аэроғарыш және қорғаныс өнеркәсібі министрлігі өткізуде. Еліміздің ғарыш саласына 25 жыл толып отыр. Сондықтан театрландырылған көрініс аспан мен жердің сапынан басталды. Көрініске қазақ үшін қастерлі көкбөрі мен мөңгілік көк аспан ұғымы арқау болды.

Аңызға жүгінсек, көк пен жердің ортасын «күс жолы» жалғаған. Көктөңірі деген қазақы танымда көкбөрі, яғни барлық түркі жұрты тараған ана бейнесі. Қойылым барысында әртістер би кимылы арқылы халықтың берекесі мен бірлігін, ерлігі мен өрлігін көрсетті. Көрменің ашылу салтанатына қатысқан қонақтар дала философиясына негізделген қойылымды жоғары бағалады. Сахнаның сан алуан түрде құбылуы, әр нөмірде қолданылған соңғы технологиялық шешім, кинетика мен залдың барлық жеріне қойылған үлкен экран бірде тарих қойнауына жетелесе, бірде ғарыш әлеміне кіріп кеткендей әсер қалдырды. Жарық пен дыбыс, әр нөмірге арнайы жазылған саундтрек концертке ерекше әр берді. Бірінші бөлім қазақтың аңыз-әпсанадағы шығу тегінен мол хабар беретін қызықты көрініске толы болды. Ал екінші бөлігінде Жерұйықты іздеген Қорқыт Ата әлемді шарлайды.

Қорқыт образының өзі ерекше. Көзіміз үйренген шоқша сакалы бар, шапанын желбегей жамылып, қобызын ойнап жүрген қария бейнесі бишілердің қимылы арқылы абстракцияланған. Асан қайғы жер әлемді айналып, жердің кіндігі деп Сыр өңірін тандайды. Оның өзінің философиялық мәні бар. Өйткені дәл осы жерден адамзат баласы алғаш рет көкке көтерілді, ғарышты бағындырды. Бұл қазақ жеріндегі техникалық революцияның көрінісі болса, қазақ даласының екінші бөлігінде «ғасыр зұлматы» көкке көтеріліп, жерін ұлап жатты. Қойылым барысында Семей полигонының бабылуы да ерекше шеберлікпен көрсетілді. Қобыз

қару-жарақ пен әскери техниканы жарнамалайтын көрме. Бірақ мұның бәрі тек бейбіт мақсатта жүруі тиіс. Салтанатты қойылымның шарықтау шегі деп жас дарын Дәнелі Төлешова шырқаған әнді айтуға болады. Жаңа ән KADEX көрмесінің ашылуына орай, ұйымдастырушы «А1» компаниясының тапсырысы бойынша арнайы жазылған. Сөзін жас ақын Олжас Қасым, ал әуенін Ринат Әбдіхалықов жазған. Ән Қазақстанның антиядролық саясатына бағытталған. Бүкіл әлемге ядролық қарудан бас тартуды насихаттап жүрген Қазақстан туралы бұл туынды көрмеге жиналғандардың жүрегін елжіретті. Алтын таны күліп ататын, барқыт кеші күліп бағытын қазақ даласында



үні заманауи музыкамен астасып, қонақтардың жүрегін шым еткізгені сөзсіз. Қазақтың қасиетті даласынан алғаш рет аспанды бағындыруға талпыныс жасалса, Қазақ елі әлемдегі алғашқылардың бірі болып, ядролық қарудан бас тартты. Бір ғасырда болған екі тарихи оқиға режиссердің шеберлігі, музыканың көркемдігімен ерекше сипатта өрілді. KADEX —

тағы да бейбіт өмірді үндейтін шара басталды. Салтанатты шара соңында Мейкл Жексонның әлемді сүйеге, әлемді аялауға арналған әні қазақ, орыс, ағылшын, араб, француз тілдерінде шырқалды. Әуелеген әсем ән Сарыарқаны шарлап кетті.

Айнұр БОЛАТХАНҚЫЗЫ, Астана



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Астана экономикалық форумы – 2018

Астана экономикалық форумы (АЭФ) – Еуразия кеңістігіндегі елеулі оқиға. Жыл сайын Астанада мемлекеттердің қазіргі және бұрынғы басшылары, Нобель сыйлығының иегерлері, әлемдегі ірі ғалымдар мен кәсіпкерлер бас қосады.

Астана экономикалық форумы сияқты диалог алаңын құру уақыт талабынан туындағанын айту керек. Ғаламдық экономикада айтарлықтай өзгерістер болып жатқанда, АЭФ аса өткір экономикалық һәм әлеуметтік мәселелер талқыға салынатын платформаға айналды. Сонымен бірге Форум – бизнес үшін географиялық және ақпараттық шекарадан өтуге мүмкіндік беретін маңызды құрал. Жыл сайын АЭФ 80 елден келетін 5000-нан астам делегаттың басын қосады.

Бұл Форумды құрудың мақсаты – ғаламдық экономиканың өзгеруі жағдайында Орталық Азия аумағында, жалпы бүкіл әлемдегі экономиканың даму мәселелерін әлемдік сарапшылардың емін-еркін талқылауына жағдай жасау. Осы мақсаттың ойдағыдай жүзеге асып жатқанын биылғы басқосу тағы бір дәлелдеп берді.



БЕС МЕГАТРЕНД

Жаһандық сын-тегеуріндер саммиті» (*Global Challenges Summit*) атты XI Астана экономикалық форумы даму және тұрақтылық, цифрландыру, урбанизация, адам жасын ұзарту, қаржы төңкерісі мен жаһандық қауіпсіздік мәселелерін қаузады.

Басқосуға 111 елден 500 спикер және 5000 қатысушы келді. Олардың арасында БҰҰ-ның сегізінші бас хатшысы Пан Ги Мун, Apple компаниясының тең құрылтайшысы Стив Возняк, Францияның бұрынғы президенті Франсуа Олланд, Азия банкі инфрақұрылым инвестициялары директоры Цзинь Лишонь болды.

Басқосуды Президент Нұрсұлтан Назарбаев ашты.

– Биылғы форум жаһандық сын-катерге тиімді жауап іздеуге ықпалдалады. Бүгінгі тарихи кезеңде уақыт тым тығыз. Әлем көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп, тағы да жол айрығында тұр. Адамзаттың өркендеуі не тоқырауы оның қай жолды таңдайтынына байланысты.

Біздің көз алдымызда экономиканың жаңа моделі құрылып жатыр. Онда тек бизнес ғана емес, қоғамның бүкіл өмірі цифрланған. Өндірісті бақылап, жақсартатын интеллектуалдық жүйелер қалыпты құбылысқа айналды. 2030 жылға қарай жасанды интеллект әлемдік

экономиканы 16 трлн долларға ұлғайтады, — деді ол.

Мемлекет басшысы криптовалюта мен блокчейн технологиясы қаржы нарығында түбегейлі өзгеріс әкелетінін атап көрсетті. Сарапшылардың пікірінше, алдағы онжылдықта 500 ірі компанияның екі жүзі жойылады. Сонымен бірге цифрландыру киберқылмыстың өсуіне алып келді. Мәселен, 2017 жылы бизнес үшін ең бірінші қауіп дәл соның өзі деп табылды. Осы және басқа да факторлар мемлекеттерді цифрлық провинцияда қалып қоймауға мәжбүрлейді.

Форумда адамзат қызметінің барлық саласын цифрландыру бірінші мегатренд болып белгіленуі де содан.

Ал екінші мегатренд — әлемдегі энергетикалық төңкерістің таза энергетикаға қарай жылжуы.

«30 жылдың ішінде жаңғырған қуат көздерінен алынған энергия көлемі 13 есе өсті, күн панельдерінің бағасы соңғы бес жылда екі есе арзандады. Электромобильге қызығушылық артты. Егер бүкіл автопаркті электрокарға алмастырса, сарапшылар айтқандай, жер бетіндегі ауаны 200 жыл бұрынғы қалпына

Мегалолистер дәуірі басталып, олардың арасында бәсеке өршиді. «Осыны ескеріп, Қазақстан агломерацияны дамыту стратегиясын қолға алды. Бұрын бізде миллион халқы бар бір ғана қала — Алматы болса, оған енді Астана мен Шымкент қосылды», — деді Президент.

Еңбектің жаһандық нарығы — бесінші мегатренд. Дене еңбегі таяу жылдары роботтандырылған жүйелермен алмастырылуы мүмкін.

Қазіргі кәсіпорындар үшін жұмыс күшінің арзандығы емес, білікті қызметкерлердің болуы маңызды. «Дамушы елдерден дамыған елдерге өндірісті кері қайтарудың экономикалық тиімділігі айтылуда. Бүгін біз соны көріп отырмыз. Бұл ұлттық экономикалар мен әлеуметтік жүйеге нағыз сынақ», — деді Мемлекет басшысы. Білім беру тәжірибесінен креативті ойлау, қажетті ақпаратты таба білу және оны дұрыс пайдалану оған басты жауап болып табылады.

Прогрестің жылдамдығы қазіргі адамнан мамандығын өзгертуге, «өмір бойы білім алу» қағидасын ұстануға итермелейді. Бұл орайда еліміз жүйелі түрде жұмыс жүргізуде. Білім беру бағдарламалары барлық деңгейде өзгеріп жатыр.

«Біз мемлекет қалыптастыру ісінің бастауында «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асыруға кірістік. Сол арқылы 13 мың қазақстандық мемлекет есебінен әлемнің үздік университеттерінде

тиімді тетіктерін құру қажеттігі туындады. Өзім қатысқан G-7, G-20 форматы, біздің ойымызша, әлемнің жаһандық пікірін толық қамти алмайды. Сол себепті де біз G-Global бастамасы идеясын ұсындық. Ол барлық елдердің пікірі мен мүддесін шоғырландыра алады.

2007-2008 жылдары басталған дағдарыс жалғасуда. Бұл даму дағдарысынан басқа ештеңе емес. Осы

өзгерістердің 20 пайызы қытай тұтынушыларымен байланысты. Мәселен, Apple соңғы үш жылда айфонды АҚШ-қа қарағанда Қытайда көбірек сатқан», — деп жауап береді ол.

Киберқауіпсіздік сарапшысы, Group-IV жеке клиенттермен жұмыс істеу директоры Руслан Юсуфов соңғы кезде көпшіліктің қызығушылығын тудырған криптовалютаны



ӘЛЕМ ЖАҢА ФОРМАЦИЯҒА БАҒЫТ АЛДЫ



«Он бірінші рет өткізіліп отырған бұл форум экономиканың, инвестицияның және инновацияның мейлінше өзекті мәселелерін талқылауға арналған. Биылғы форум жаһандық сын-тегеуріндерге лайықты жауап табу мәселелерін де қарастырады»

(Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаһандық сын-тегеуріндер саммиті» атты XI Астана экономикалық форумының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінен. 2018 жылғы 17 мамыр)

арада адам дамуының бес формациясы туралы айтылды. Оның төртіншісі — капитализм, бесіншісі — социализм. Егер зер салып қарасак, әрі бұл жайында сарапшылар да айтып жүр, олардың бәрі өз дамуының шыркуа шегіне жетті. Мүлде жаңа формация туындап келеді. Деформацияның бәрі кантөгic, соғыс арқылы өтті, ал бүгін сондай соғыстар жүріп жатқан жоқ па? Таяу Шығыста, Сирияда, Иракта, Солтүстік Африка және тағы баска елдерде», — деді Елбасы. G-Global базасында ортақ шешімге келіп, адамзат қоғамының жаңа жағдайына ешқандай апатсыз өтуге болады.

Екі күнге созылған Астана экономикалық форумында жоғарыда айтылған мәселелерді сарапшылар жан-жақты талқылап, өз пікірін ортаға салды.

БҰҰ-ның бұрынғы хатшысы Пан Ги Мун «Жаңғырмалы қуат көздерінің құны дәстүрлі, экологиялық жағынан таза емес энергия көздерімен бәсекеге түсе алатындай дәрежеге жетті. Мен осындай «жасыл экономикаға» жаһандық ұмтылыста Қазақстанның алда келе жатқан елдердің бірі екенін атап айтқым келеді» деді.

Ұлыбританиялық қаржыгер, Goldman Sachs экономисі Джим О'Нил тұтынушыны басты назарда ұстау қажет деген пікірде. «Халықаралық шекараны нығайту шеңберінде экономикалық өсімнің өзегі, меніңше, тұтынушы. Әсіресе, азиялық тұтынушы» дейді ол. 2010 жылы әлемдік жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) орта есеппен 3,7 пайыз болды. Бұл алдыңғы онжылдықтағы нәтижеден сәл төмен. «Бүкіл әлемде АҚШ пен Қытай экономикасы үстем болды. 2010 жылдан бергі ЖІӨ-дегі жаһандық өзгерістерді долларға шаққанымда оның 84 пайызы АҚШ-қа, 7 пайызы Қытайға, қалғаны Үндістанға тиесілі екенін анықтадым. Жаһандық өсім дәл осы үш аймақта болды» деп нақтылады ол. Джим О'Нилге «Сауда санкцияларымен байланысты АҚШ пен Қытай ықтимал қактығысты айналып өте ала ма?» деген сауал жиі қойылады екен. «АҚШ билігінің анағұрлым жаһандық көзқарасты ұстанғаны жөн сияқты. Бүгінде бәрі тұтынушыға келіп тіреледі. Біз байқаған

пайдалану қауіпсіздігіне тоқталды. Үстіміздегі жылдың қантар айында криптовалютамен жұмыс істейтін жапонның валюта биржасына хакерлік шабуыл жасалып, 533 млн доллар жоғалды. Италиян биржасында ақпанда 180 млн доллар зым-зия болды. «Бұл банкті тонауға ұқсас. Соңғы 15 жылда мұндай қылмыс үшін темір тордың ар жағына тоғытылу қаупі аз. Өйткені криптовалютаны жымқырған соң із жасыру оңай», — дейді Руслан Юсуфов. Зерттеу көрсеткендей, 6 млрд долларды құрайтын криптовалюта келісімдерінің 10 пайызы қолды болған. «Кейде конференцияларда «кімде криптовалюта бар, қол көтеріңдер» деп жатады. Жұрт жапа-тәрмағай қол көтереді. Бұл дұрыс емес. Ешқашан ондай салымыңыз бар екенін айтпаныз» деп ескертеді сарапшы.

БҰҰ Еуразия экономикалық кеңістігі инновациялық саясат бөлімінің жетекшісі Ларс Андрес Йонсон елімізде өзі жүретін автокөлікті тестілеу жөнінде ұсыныс тастады. Ол «қазір Астана осындай автомобиль үшін ең қолайлы қала» деп санайды. Өзлігінен зырпайтын автокөлікті қолданысқа енгізу жайында айта отырып, әлі де жетілдіруді қажет ететін бірнеше мәселеге тоқталды. Ең алдымен ол инфрақұрылым мен қауіпсіздікпен байланысты. Сондай-ақ адамзат пилотсыз автокөлікті басқаруға, оны сатып алуға дайын ба?

Ең ақырында Форум өткен Астанаға тоқталсақ, басқосуда сөз сөйлеген қала әкімі Әсет Исекешов «Қазір бізде басқарудың жаңа жүйесі жұмыс істейді. Өз бөлімшелеріміздің жұмысын қайта қарадық. Біз үшін ең бастысы, тұрғындардың риза болғаны. 20 жыл ішінде Астанаға бюджеттен 2,3 трлн теңге бөлінді. Бірақ Астана салық түрінде оны 6 трлн теңге етіп қайтарды», — деді.

Мемлекет басшысы айтқандай, Еуропада Давос форумы, бізде Астана экономикалық форумы, ал Тынық мұхитының жағалауында Боао Азия форумы бар. «Бұл форумдар бір ғана мақсатты — қалыптасқан ахуалдан шығу жолын іздеуді көздейді. Біз әлемдік форумдардың бәрімен ынтымақтастық орнатып, мемлекеттер мен халықтардың игілігі үшін жұмыс істегіміз келеді. Бұл — даму, ілгерілеу және түсіністік мүмкіндігі», — деді Елбасы.

Бір жақсысы, Форумда айтылған ұсыныс-пікірлер жерде қалмайды. Еліміздің әрмен қарай дамуына, жаһандық сын-тегеурінге әлемдік қауымдастықпен бірлесіп қарсы тұруға септігін тигізері сөзсіз.

келтіруге болады», — деді Президент.

Үшінші мегатренд — жер бетіндегі халық санының жылдам көбеюі.

«Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері адамның орташа өмір сүру жасын ұлғайтуға мүмкіндік берді, — деді Н.Назарбаев. — Соңғы 70 жылда ол 23 жылға — 48 жастан 71 жасқа дейін ұлғайды. Қазақстанда бұл көрсеткіш тәуелсіздік жылдары 7,5 жылға, 65-тен 72,5 жасқа дейін көбейді. Ұзақ өмір сүру индустриясы әлемдік экономиканың маңызды бөлігіне айналуда».

Демографиялық өсім біраз түйткілдің шешімін талап етеді. Ғасырдың бел ортасында он миллиард тұрғынды тамақтандыру үшін азық-түлік өндіруді бүгінгіден 60 пайызға арттыру қажет болады. Ресурстардың шектеулі екенін, әсіресе, тұшы судың тапшылығын ескерсек, бұл оңайға соқпайды. Агроөнеркәсіп кешені экономикадағы ең жоғары технологиялық салаға айналуы тиіс. Сондай-ақ Елбасы зейнетақы және әлеуметтік қамту жүйесін қайта құру қажеттігін атап өтті. Олар жаңа демографиялық жағдайға сәйкес болуы керек.

оқуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, елімізде әлемдік деңгейдегі университеттер ашылды. Олардың қатарында Назарбаев Университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты және Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті бар. Жаңа «Бес әлеуметтік бастама» арқылы оқу гранттарының саны көбейіп, студент жастардың тұрмыс жағдайы жақсарады, — деді Елбасы.

КРИПТОВАЛЮТА, ӨЗІ ЖҮРЕТІН АВТОКӨЛІК ЖӘНЕ ТАБЫСТЫ ҚАЛА

Бай мен кедей арасындағы алшақтықты қысқарту да маңызды. Бүгінде әлемдегі ең бай адамдардың активтері адамзаттың ең кедей бөлігімен тенесті. Бұл — 3,5 млрд адам. Халықаралық сарапшылардың мәліметінше, былтыр құрылған әл-аукаттың 80 пайызы әлем халқының 1 ғана пайызына тиесілі. Барлық адамның өмірін жақсартуға бағытталған технологиялық төңкерістің теңсіздікті терендете түскені парадокс.

«Осы сын-қатерлерді енсеру үшін мемлекеттер арасындағы диалог, білім алмасудың жаңа



Гүлнар АХМЕТОВА

«Бизнестің жол картасы – 2020»

Жеке инвесторлардың қаржылық қолдауымен құрылыс жұмысы бірнеше жылдан бері жүріп жатқан комбинат биыл іске қосылады. Бүгінгі таңда 500-ден астам адам жұмыспен қамтылып отырған өндіріс орны өнім шығара бастағанда мыңға жуық адамды жұмыспен қамтитын болады. Бұл Текелі сияқты монокала тұрғындарының жұмыспен қамтылуына үлкен қолдау болары анық.

Комбинат директоры Бақыт Сарбасовтың айтуынша, өндірісті іске қосудың барлық дайындық жұмысы толығымен аяқталуға жақын. «Жоспар бойынша жылына 400 мың тонна шойын шығару керек. Ол үшін 1 миллион тонна

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА «БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020» БАҒДАРЛАМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ АЛДА КЕЛЕДІ. ӨНІРДЕ ТҮРИЗМДІ ДАМУЫ, АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ӨРКЕНДЕТУ, БИЗНЕСТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ САЛАЛАРЫНДА ЖАҢА БАСТАМАЛАРЫ ЖЕТЕРЛІК. ЕҢ АЛДЫМЕН ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫНДА ТАУ-КЕН КОМБИНАТЫНЫҢ ТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІНЕ ЗОР СЕРПІН БЕРІПДІ АНЫҚ.

кәсіпкерлер палатасының директорлары мен қала тұрғындары қатысып, жаңа бастамаға сәттілік тіледі. Кәсіпкер қыз осыған дейін жеке тігін орталығын ашып, кәсіптің қыры мен сырына жетілген. Енді сол білімін жерлеріне үйретіп, кәсіптенудің жолын ашпақ. Ол жаңа тігін машиналарын сатып алып, тәжірибелік сабақтар

алдыныздан құлынды бие мен таутекенің мүсіні шығады. Жалпы саябақ ішіндегі бұғы мен жолбарыс, қар барысы, түйе, қанатты барыс сияқты мүсіндер келушілерге ерекше әсер етеді. Саябақтың ортасындағы үлкен субұрқақ та көзге бірден түседі. Саябақ ішін арапап жүргенімізде ұлттық нақышта

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

TIRSHILIK



ТАУҰЛЫ ҚАЛАДАҒЫ ТАБЫС

руда керек болады. Бір сағатта 50 тонна өңделеді. Руда Қарағанды облысынан тасымалданады. Қазір 400-ден астам вагон руда жеткізіліпті. Комбинатта жұмыс істейтін маман тәрбиелеу ісі де ойдағыдай жүріп жатыр. Өткен жылы 95 жас маманды Теміртау қаласына жіберіп, тәжірибеден өткізіп алғанбыз. Сонымен қатар, өзімізде оқыту орталығын ашу жоспарда бар. Қазірдің өзінде тиісті мамандарды өздері даярлауды қолға алған», — дейді ол.

Десе де, кәсіпкерлік саласында әлі де күрмеулі мәселелер жетерлік. Алматы облысының кәсіпорындарына 25 мыңнан аса маман қажет. Бұл да кәсіпкерліктің еркін дамуына кедергі келтіруде. Өткен жылы мемлекет тарапынан бизнес өкілдеріне үлкен мүмкіндік жасалды. Облыста «ТЭТАК» АҚ, «Қайнар» АҚБ, ЖШС, «Бейбарыс-Агро» ЖШС, «КнауфГипсҚапшағай» ЖШС, тағы да басқа кәсіпорындар негізінде 7 оқу орталығы құрылды. Онда жыл бойы 314 жұмыссызға кәсіптік оқуға жолдама беріліп, 156-ы жұмыспен қамтылды. Осы тұрғыдан, Текелі қаласында жұмысшы мамандықтар бойынша азаматтардың біліктілігін арттыру қолға алынған. Айталық, «КнауфГипс Қапшағай» ЖШС Текелі кәсіптік колледжінде кәсіпорын жұмысшылары мен оқу орнының жетекшілері үшін құрғақ құрылыс бойынша тегін кәсіби біліктілікті арттыру курсын ұйымдастырған. Бір апта ішінде 19 қатысушы заманауи құрылыс технологияларының қыры мен сырын толық меңгеріп шықты.

Биылғы жылы аталған бағдарлама аясында өңірде 13 оқу орталығын құрып, 500-ден астам азаматты оқыту жоспарланып отыр. Сол қатарда Текелі қаласында қалалық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен жеке кәсіпкер Әйгерім Сәкенқызы алғашқылардың бірі болып, тігінші мамандарын даярлайтын оқу орнын ашты. Ашылу салтанатына аудан, қаладан келген

ұйымдастырмақ. Қысқа мерзімді курс аясында текеліліктер маман иесі болып қана қоймай, жеке кәсіпкер де атана алады.

Тағы бір айта кетерлігі, Текелі қалалық кәсіпкерлер кеңесінің қолдауымен бой көтерген

безендірілген үш киіз үйдің көркемдігі де өзіне баурап алды. Ал бос алаңқайларға егілген түрлі жеміс ағаштары мен қарағай, шырша сияқты көпжылдық ағаштар орталықтың көркін ашып тұр. Саябақта балалардың жаз бойы доңғалақ (ролик),

тауып, жұрттың игілігі үшін керемет бастамалар атқарылатын болады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Қызмет

Елбасының биылғы Жолдауында бірыңғай электрондық еңбек биржасын кең ауқымда енгізу мәселесі көтерілді. Онда бос жұмыс орындары мен жұмыс іздеушілер туралы барлық ақпарат жинақталуы тиіс. Отандастарымыз үйінен шықпай-ақ кәсіби бағдарлы тест тапсырып, оқу курстары мен мемлекеттік қолдау шаралары туралы біле алады. Сөйтіп өзін қызықтыратын жұмыс табуына болады. Бұл бағытта жұмыс бастаған еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова үкімет отырысында цифрландыру барысы жайында айтты.

Министрдің сөзіне қарағанда, қазір еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік қолдау көрсету, арнаулы әлеуметтік қызметтер және көші-

әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесін дамыту.

Жаңғырту келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: зейнетақымен қамсыздандыру; мүгедек адамдар үшін қызмет сапасын арттыру; «Алтын алқа» немесе «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; жұмысынан айырылған азаматтарды әлеуметтік қамсыздандырудың қолжетімділігін арттыру.

Әлеуметтік-еңбек саласын цифрландырудың екінші үлкен жобасы — электрондық еңбек биржасы. Ол база бүгінде құрылған және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының алғашқы іске асырылған жобасы. Оның аясында азаматтарды жұмысқа орналастыру реті электрондық форматқа көшіріліп, жұмыс іздеушілер мен бос орындардың ауқымды базасы қалыптасқан.

оқыту алаңына айналады. Үшіншіден, Android базасында биржаның мобильді нұсқасы әзірленді. Алдағы уақытта оның IOS платформасындағы нұсқасы әзірленбек. Биылғы 1 шілдеден бастап пайдаланушыларға әрі қарай мобильді үкіметке (MGOV) қосылуға болатын нұсқасына толыққанды қосылуға мүмкіндік беріледі.

Үшінші үлкен жоба — электрондық еңбек шарттарын есепке алу жүйесін енгізу. Жұмыскерлер үшін бұл, бірінші кезекте, жұмысқа орналасу ретін жеңілдетуді білдіреді. Құжаттарды жинау қажет емес. Жұмыс іздеушінің жеке ісі автоматты түрде қалыптастырылады. Электрондық еңбек шарттарын есепке алу жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға 2019 жылы берілетін болады. М.Әбілқасымова мемлекеттік қызметтерді онтайландыру есебінен азаматтар мен мемлекеттің шығынын 600 млн теңгеге дейін қысқартуға болатынын айтады. Ал

ЦИФРЛАНДЫРУ – СҮЙЕКТІ ЖОБА

электрондық кадрлық іс қағаздарын жүргізуді енгізу есебінен бизнестің жыл сайынғы шығынын 1 млрд теңгеге дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Осылайша, әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру әлеуметтік қызметтер мен жұмысқа орналастырудың айқындығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету есебінен халықтың өмір сүру сапасын арттыратын болады. Алқалы жиында ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев та саланы цифрландыру барысы туралы баяндады. Оның айтуынша, еңбек кітапшаларын және еңбек шарттарын цифрландыру қағаз түріндегі құжаттарды қысқартуға алып келеді. Сондай-ақ сақтауды және мұрағат деректеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұдан былай электрондық еңбек шарттары еңбек өтілін растау үшін талап етілетін зейнетақыны, жәрдемақыны тағайындауға мүмкіндік береді.

Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев электрондық еңбек биржасы — Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өнеркәсіптік пайдалануға берілген «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының алғашқы өнімі екенін атап өтті. Жобаның табысты болуы тек еңбек министрлігіне ғана емес, сондай-ақ барлық ұлттық компанияларға, холдингтерге, орталық мемлекеттік мекемелерге, жергілікті әкімдерге де байланысты болмақ.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Диқан

Мемлекет басшысының биылғы Қазақстан халқына Жолдауында агроөндірістік көшенді жаңа технологиялық деңгейге көтеріп, өсімдікті қорғау құралдары мен минералды тыңайтқышты енгізудің интеллектуалдық жүйесіне көшу керектігі айтылған.

ЕГІНШІЛІК ЕТЕК АЛА БАСТАДЫ



Осыған орай, А.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығында егіншілік полигоны құрылды. Жалпы ауданы 3 мың гектарға жоспарланған жобаны жүзеге асыру үшін 1 млрд теңге көлемінде қаржы бөлініп отыр. Бұл туралы орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында ғылыми өндірістік орталықтың бас директоры Кенже Абдуллаев хабарлады.

Оның айтуынша, жаңа жобаның мақсаты — ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру және шығынды азайту. Бастаманың негізінде солтүстік аймақтардағы 15 млн гектар жерге заманауи технология қолданылмақ. Сондай-ақ ғылыми-зерттеулер жүргізіліп, биотехникалық әдіс бойынша жаздық бидайдың жаңа сортын шығару көзделіп отыр.

Бұл жобаның мақсаты — Ақмола облысында егіншілікті дамыту бойынша ауыл шаруашылық дақылдарын өндіру кезінде агропенноды басқару және мониторинг негізінде егіншілік технологияларын бейімдеу.

Нақты егіншіліктің арқасында егін егу мен астықты жинаудың онтайлы уақытын болжау, суару, минералды тыңайтқышты себу, зиянкестермен және арамшөппен күресудің интеллектуалды жүйесін пайдалану жүзеге асырылмақ.

Жүргізушісі жоқ техника адам күшін азайтып, егіншіліктің өнімдік-тәжірибелік полигон жобасын жүзеге мүмкіндік береді. Климаттың өзгеруіне байланысты өндірістің тұрақтылығын арттырып, өсіріліп жатқан дақылдарды әртарапандыру қажет. Бұл жобаны ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындары, Ақмола облысы әкімдігінің өкілдері, ғылыми өндірістік кеңес пен Ұлттық биотехнология орталығының ғалымдары бірлесіп жүргізеді.

Кенже Абдуллаев өз сөзінде ауданы 3000 гектар болатын өндірістік-тәжірибелік полигон жобасын жүзеге асыру астық дақылдарының өнімділігін гектарына 25 центнерге дейін арттыратынын және еңбек өнімділігін 2- 2,5 есеге дейін көбейтетінін баса айтты.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



қон секілді ведомство қызметінің барлық бағыттары бойынша 11 кіші ақпараттық жүйені қамтитын әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі жұмыс істейді.

Бұл жүйе отандастарымыздың туғаннан бастап өмір бойы дербес есебін жүргізеді. Министрліктің 34 қызметінің 17-сі автоматтандырылды. Бірқатар қызмет бойынша ақпаратты электрондық түрде алуға болады. М.Әбілқасымова «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында іске қосатын үш ауқымды жоба туралы айтып берді.

Біріншісі — басты міндеттерінің бірі халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру болып табылатын


Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша, қазіргі кезде биржаға жұмысқа орналастыру бойынша 45 жеке агенттік пен 5 интернет-алаң қосылған. Ай сайын электрондық биржаға шамамен 141 мың адам кіреді. Жыл басынан бері оның мөлшері айына 2,7 есеге өсті. Қазір қолданушылардың саны 3 миллионнан асқан.

Министрлік биржаның функционалдық мүмкіндігін кеңейтуді жалғастыруда. Біріншіден, кәсіптік бағдарлау қызметі ашылып, онда жұмысқа орналасу бойынша ұсыныстар беріледі. Екіншіден, электрондық биржа өнімді жұмыспен қамту бағдарламасы аясында қысқа мерзімді

Жұмбақ жаратылыс

Ресей, Түркия, Әзірбайжан және еліміздің кейбір аймақтарынан келген кәсіби ғалымдар, тарихшылар, этнографтар, археологтар және өлкетанушылардың қатысуымен «Маңғыстау облысының материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұралары» атты ғылыми экспедициясы өз жұмысын бастап кетті.

ДАЛАСЫ МАҢҒЫСТАУДЫҢ



Маңғыстау облысы мәдениет басқармасының басшысы Пәния Сармурзинаның айтуынша, 3 турдан

СЫР ШЕРТЕДІ

тұратын кешенді экспедиция «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілуде және бірнеше тақырыптық бағыттарды қамтиды. Ал шараны ұйымдастыру Маңғыстау облысының әкімдігі, республикадағы белгілі ғылым ордасы – Әлкей Марғұлан атындағы Археология институты және Yessenov University тарапынан қолдау тапқан. Пәния Сармурзина «Маңғыстау облысының материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұраларын зерттеу мақсатында шетелден ғалымдар тартылды. Оның аясында сакралды бағыттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін, облыс тұрғындарының дәстүрлі және тұрмыстық бағыттарын, халық шығармашылығын (фольклор) зерттеу көзделген. Әсіресе этно-әлеуметтік, атап айтқанда, өңірдегі этникалық мәдени процестерді, этникалық өзін-өзі тану



мәселелері, ұлтаралық қатынастар мен тіл жағдайы, эпиграфикалық ескерткіштерді (фиксация) зерттеу, Маңғыстаудың тарихы, мәдениеті, ескерткіштері бойынша ғылыми-танымдық басылымдар дайындауға материалдар жинақтап, кешенді экспедиция қорытындысы бойынша ғылыми есептер дайындау жоспарымызда бар», – деді. Экспедиция барысында Маңғыстауда орналасқан Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар сакралды орындары, ноғайлы кезеңінің ескерткіштері және аймақтың шыңырау-құдықтары зерттеледі. Ғылыми экспедиция өлкенің баға жетпес тарихи мұрасы ұлттық идеологияның бөлігі, еліміздің ұлттық мәдени құндылықтарын кенінен танымал ету және әлем назарына ұсыну, туған өлкеге деген сүйіспеншілік пен патриотизмді арттыруға бағытталған. Кешенді экспедиция алты бағытты қамтымақ. Атап айтқанда, Маңғыстау облысының тұрғындары арасынан XX ғасырдың 20-30 жылдарына қатысты этнографиялық мәліметтер жинақтау,

белгілі неміс этнографы Рихард Карути жолымен – 100 жылдан соң, 14-17 ғасырдағы Маңғыстаудағы ноғайлы кезені, Үстірттегі шыңырау – құдықтарды зерттеу, Маңғыстаудың сакралды ескерткіштері: ежелгі Маңғыстаудың теңіз айлақтары (архивтік-библиографиялық зерттеулер, картографиялық материалдарды зерделеу), «От киесі» Отпантау кешенінің туристік әлеуеті; аңыз өрген Маңғыстау мешіттері, Маңғыстау түбегі ескерткіштерінің эпиграфикасы мен архитектурасы және Маңғыстау петроглифы. Үш турдан тұратын экспедицияның бірінші мерзімі 10 күнге созылмақ. Ал маршруттың жалпы ұзақтығы – 2000

шақырым. Оның аясында Қошқар ата, Ақшора, Жалғызтам (Бельторан), Үштам, Кенті-баба қорымдары, Сұлтан-үпі жерасты мешіті, қорымы және сайы, Қапамсай, Масат-ата, Шопан-ата, Шақпақ-ата жерасты мешіттері мен қорымдары, «Отпан Тау»



тарихи-мәдени кешені, Ақмыш сайы, Шеркала және Айрақты таулары, Көгез этноауылы, Шетпе ауылы, Қарауылкүмбет күмбестамы, Мырзайыр, Тынымбай шоқы жері, Бозжыра тауы (панорама), Күйеутам – Ұлы Кіндікті діни-қабірлеу кешені, Оғыланды қорымы – Бекет ата жерасты мешіті, Үстірттегі шыңырау-құдықтар және тағы басқа жерасты мешіттері мен қорымдары бар. Экспедицияның ғылыми кеңесшісі – Ресей Ғылым академиясының Ресей тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, профессор, тарих ғылымдарының докторы Вадим Трепавлов.



тарихшы, фольклорист – Сұлтанбек Құдайберген, түркітанушы – Бекболат Төлегенұлы, археолог – Андрей Астафьев, тарихшы, араб тілінің маманы, өлкетанушы – Нұрлан Құлбаев.

Кәмішат ІЗБАСАРОВА,
Маңғыстау облысы

Тарих таңбасы

Топырағын түртіп, тасын төңкеріп қарасан, шежірелі тарихтан сыр шертетін маңғаз Маңғыстауда талай құпия тұнып жатыр. Аспан астындағы мұражай аталған Маңғыстауды бейнебір қолмен жасаған мүсіншінің туындысы дерсіз. Туған жердің



әрбір сайы мен қырқасы, керуендей тізілген таулары, сайлы аңғарлары, асу-асу белдері, сағана тамдары мен ескерткіштері, аймақ атырабының әр төбесі көне тарихтың көмбесіндей. Жұмбақ жайлап, аңыз өрген өлкеде Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру аясында «Маңғыстау



«Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен өңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан)

негізін қалау керек. Салт-дәстүр сақталып, қазақшылтың қаймағы бұзылмаған өңірдің этнографиялық белгілері мүлде бөлек. Мұнда түркі әлемін қамтитындай байлық бар. Экспедиция қорытындысында ғалымдар көрген-білгені бойынша өз бағытын белгілейді. Мәселен, этнографтар түбектің шежіресін түрік әлемін тарихпен салыстырып, ой-пікірін, тақырыбын ұсынады. Мен араб, парсы, түркі жазба деректерін жинақтап, қазақшаға аударып, археологиялық-фольклорлық нәтижелермен салыстырып, алдағы уақытта қорытынды жинақ шығарамын», – деді.

Экспедиция кезінде жергілікті тарихшылар, өлкетанушылар Алқажан Еділхан, Нұрлан Құлбаев тарихи-мәдени орындар туралы деректерді айтып, жол бойы мағлұмат беріп отырды. Жазушы Әнес Сарай «Бүгін барған тарихи-мәдени орындарында жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен Маңғыстаудың, түрік мәдениетінің айқын көрінісін байқадық. Діні, тілі бір түркі халықтары, оғыз-қыпшақ, ноғайлы дәуірінің және Алтын Орда дәуірінің соңғы кезеңдеріндегі мәдени ошақтарды көрдік. Мәселен, Қарағаш әулиде Бәйімбеттер жерленген екен. Бастауында оғыз

ЖЕТІ ЖҰРТ КЕЛІП, ЖЕТІ ЖҰРТ КЕТКЕН МАҢҒАЗ ДАЛА

облысының материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұралары» халықаралық кешенді экспедициясы басталды. Елдік іс өскелен ұрпақтың жан-жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, туған жерді қастерлеу, төл мәдениетімізді сақтап, тарихымызды түгендеуге, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға бағытталып отыр.

Ғылыми экспедиция басталмас бұрын, облыс әкімі Ералы Тоғжанов шет мемлекеттердің, еліміздің және жергілікті ғалымдарынан, тарихи-өлкетанушыларынан, археологтарынан құралған экспедиция құрамын қабылдады. Аймақ басшысы «Өздеріңіз жақсы білетіндей, Маңғыстау өңірі – табиғаты бөлек, тарихы тереңде жатқан аймақ. Ғылыми-зерттеулерді талап ететін ежелгі өркениет елі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады. Жас ұрпақтың санасына сол қасиетті орындардың ұғымын сіңіруіміз керек. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі» деген болатын. Міне, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өздеріңізбен бірге ғылыми экспедицияны қолға алып отырмыз. Сіздердің еңбектеріңіз – ұлттық тарих пен таным және патриотизмді қалыптастыруға негіз болатынына сенімім мол», – деді. «Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы»

мешіттерімен танысу. Экспедиция 7 күнге созылады. Осы уақыт ішінде Қошқар ата, Ақшора, Жалғызтам, Үштам, Кенті баба қорымдарын, Сұлтан үпі, Қапамсай сайына, Шақпақ ата, Отпан тау, Ақмыш, Шеркала, Айрақты тауларына, Көгез этноауылына, Танбалы тасқа, Бозжыра тауына, Оғыланды қорымы – Бекет ата жерасты мешітіне, Үстірттегі шыңырау-құдықтарға және Қараман атаға барамыз. Экспедиция маршрутының ұзақтығы – 2000 шақырым», – деді.

Облыс әкімі Ералы Тоғжанов Каспий теңізінің жағалауында ғылыми экспедицияның сапарына сәттілік пен ажол тіледі. Сөйтіп, құрамында 20-ға жуық мүшесі бар шетеліміз экспедиция өткен сейсенбі күні жолға шығып, алғашқы күні Қошқар ата, Ақшора, Жалғызтам, Үштам, Кенті баба қорымдарын, Сұлтан үпіні, Қапамсай сайын, Шақпақ ата, Отпан тау тарихи-мәдени орындарын бетке алды. Экспедиция мүшелері аталардың қорымына барып, зиярат етіп, ата-баба рухына құран бағыштады.

Белгілі шығыстанушы-ғалым Ислам Жеменей «Бұл экспедиция бүгін қабылданған шешім емес. Облыс әкімі Ералы Тоғжановтың қолдауымен бытырғы жылдан бері кеңестер, басқосулар, дөңгелек үстелдер, конференциялар өтті. Соның



мемлекеттік мекемесінің директоры, экспедиция мүшесі Нұрлан Құлбай «Біз Маңғыстау облысының материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұраларын зерттеу мақсатында шетелден ғалым-мамандарды тартып, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын ұлттық және халықаралық деңгейде насихаттауды, ескерткіштерімізді зерттеуді, халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін кенінен көрсетуді мақсат тұтып отырмыз. Халықтың ұлттық санасын серпілтіп, тарихи тұлғаларды тануға, туған өлкеге деген сүйіспеншілік пен патриотизмді арттыруға ден қоямыз. Кешенді экспедиция 6 бағытты қамтиды. Атап айтсақ: өңір тұрғындарынан XX ғасырдың 20-30 жылдарына қатысты этнографиялық мәліметтер жинақтау, 100 жылдан соң белгілі неміс этнографы Рихард Карути жолымен жүру, Маңғыстаудағы ноғайлы кезенін (XIV–XVII ғғ.), Үстірттегі шыңырау-

нәтижесінде Маңғыстауды кешенді түрде зерттеу үшін ғылыми экспедиция өткізу ұйғарылды. Мәселен, Маңғыстаудың археологиялық, этнографиялық-фольклорлық жазба деректерін ұштастырып, үндестіріп, зерттейміз. Экспедиция киелі өңірді тануға және танытуға арналып отыр. Маңғыстау – Қазақ елінің тарихи ырысы, байлығы. «Мен қазақтың» деген әрбір азамат осы өлкенің тарихи құндылығын өзі де тану керек, өзеге де таныту керек. Елімізде әр саланың ғалымдары өз бағытымен жұмыстанып жатыр. Мұндай экспедиция республикада өткен жоқ. Маңғыстауда фольклорлық зерттеу орталығын ашу туралы ұсыныс айтылды. Осы өңірге тән фольклортану ғылымының

мұралары жатыр. Бүгін аралаған мұраларымызда тың мағлұматтарға қанығып, тарихтың шежіресін өз көзімізбен көріп отырмыз. Аңыз-әңгімелерді естіп, табиғаттың құдіретіне, өткен тарихымызға таң-тамаша қаласын. Менің осы экспедицияда көңіл бөлетінім – Едіге батырдың Маңғыстауда жерленгені. Осыған қатысты деректерді анықтап, зерттеп көргім келеді», – деді.

Ғылыми экспедиция құрамындағы Маңғыстауға алғаш келіп тұрған шетелдіктер де әсерлерімен бөлісті. Измир қаласындағы Эгей университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Метин Екичи «Киелі Маңғыстау жері – ата-бабаларымыздың мекені. Бұл аймақты түркі әлемінің археологиясының орталығына айналдыруымыз керек. Мұндағы қорымдар, мазарлар, сағана тамдар, қойтастар, жерасты мешіттерінің сәулеті тіптен ерекше. Зұлмат замандарды, небір нәубет жылдар мен қилы кезеңдерді басынан өткерген киелі өңір мәдениет ошағанын ордасындай. Тарих парактарына зер салсақ, тоғыз жолдың торабында орналасқан мекен көшпенді өркениет әлемінде тек қазақ халқының қоныстанған жері емес, оғыз, ноғай, қалмақ, түрікмен халықтарының интеграциялық орталығына айналды. Киелі Маңғыстау – дала халқына баспана болып, талай нәубет те зұлмат жылдарды басынан өткерген ноғай, қалмақ, түрікмен, қазақ ұлттарының рухани бесігі болған өлке. Бұл өңір көңілімде ерекше әсер қалыптастыра бастады. Осы әсерден құнды материалдар, ғылыми жұмыстар жазып, өз елімнің бұқаралық ақпарат құралдарына жариялаймын. Осындай мүмкіндік сыйлаған маңғыстаулықтарға алғысымды айтамын», – деді.



Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Суреттерді түсірген
Талант КҰСАЙЫН

Ұлт тағдыры

Ертеде жапондар да қазақтар секілді құда түсу арқылы қыз беріп, келін түсірген. Бірақ олар да біздің халық сияқты жатжұртқа қыз ұзатпаған. Мұндай дәстүр күншығыс елінде XX ғасырдың соңына дейін сақталыпты. Қазір жапон қыздары шетел асып, шетінен жатжұртқа келін болып кетіп жатыр. Олардың да мұң-зары бізбен ұқсас. «Ұлтың қаны бұзылатын болды. Жапон қыздары жапон ұлтының ұлттық коды еді. Енді қалай болар екен?» деген сияқты күдік пен күмән көп. Ал біздің елдегі қаракөз қыздардың жатжұрттықтармен бас қосуы кеңес дәуірінде басталған. Ол кезде біздің оқыған-тоқыған, Мәскеу көрген қыздар одақтас республикалардан арыға аса алмайтын. Қазір ше?..

Тәуелсіздіктен кейін шекарамыз қалай ашылды — қазақ қыздары да солай құрлық асып, теңіздің арғы жағындағы елдерге көптеп кете бастады. Оқу, ғылым-білім іздеп барды. Кейбірі ол жақтан күйеу тапты. Алды жатжұртқа келін болып қалды. Ол кезде, әрине, шетелдік азаматқа күйеуге шығу біздің қоғам үшін тосын жай болғаны анық. Алайда қазір бұл жаңалық болудан қалып бара жатқандай. Тіпті тансық та емес. Қазақ қызының шетелдікке күйеуге шығуына қоғам танданып немесе шамданып караудан да қалды. Бірақ

келісімсіз, не ешқандай ажырасу туралы арыз-шағымсыз. Жолдасым судьяға «Балалардың мәселесін өзара шештік» деген көрінеді. Оның бәрін кеш білдім. «Нұр Отан» партиясына шағым айтып барған кезімде ғана барлық шындыққа көзім жетті. Менің жаным батқаны — Оқтайдың мені тастап кеткені немесе алимент төлемей жүргені емес, судьяның менің келісімсіз шешім шығармақшы болғаны, — деп көз жасын сығып алды. Гүлмира қазір екі баласын жалғыз өзі асырап, бағып-қағып отыр. Алименттен де үміті бар. Бірақ

MAZASYZ MUHS

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



7

Қылмыс

Оңай олжа жоқ

Ақша үшін адам баласының миы жетпейтін қырық түрлі айла-шарғыға баратын алаяқтар көбейіп кетті. Әсіресе, қаржы пирамидасы сияқты бір тиынды екеу қылып беретін пысықайлардың қолы жүріп-ақ тұр. Бірақ «қудың құйрығы бір тұтам» деген бар емес пе?



Осы аптада 300 адамды сан соқтырған сондай бір қаржы пирамидасының үстінен қылмыстық іс қозғалды. Бұл туралы ІІМ ресми өкілі Алмас Сәдуабаев мәлімдеді. Buy Time Incorporated LLP компаниясы қаржы пирамидасын құрып, салымшыларға «Аз уақытта қомақты табыс тауып береміз»

деп, жұртты әбден алдаған. Олар еліміздің барлық өңірінен бөлімше ашып, былтырғы жылдың наурыз айынан қараша айына дейін қызу жұмыс жүргізген. Осы уақытқа дейін Buy Time Incorporated LLP қызметінен зардап шеккен 300 адам анықталды. Бұл тізім әлі де толығы мүмкін.

Көші-қон

Біреу кетеді, біреу келеді



Соңғы жылдары елімізге қоныстанып жатқан қандастарымыздан бөлек, шетелге көшіп жатқандар да бар. Мәселен, жыл басынан бері 7 мыңға жуық адам шетелге көшіпті. Нақты санмен айтсақ, 2018 жылдың бес айында 6 846 адам қоныс аударған. Мұндай мәліметті ұлттық экономика министрлігінің статистика комитеті беріп отыр.

Комитеттің мәліметіне сүйенсек, жерлестеріміздің басым бөлігі ТМД, оның ішінде Ресейге қоныс аударған. Германияға 500-ге жуық, АҚШ-қа 60-тан астам азамат көшіп кеткен. Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитетінің сарапшысы Қайыр Рыспаев «Ең үлкен көші-қон Қостанай, Шығыс Қазақстан және Қарағанды, сондай-ақ Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстарында

тіркелді. Қазақстанға тұрақты тұруға келетін шетелдіктер де аз емес. Бірақ олар ірі қалаларды тандайды», — дейді. Содан болар, қазір қала халқының саны, әсіресе, мегаполистердегі тұрғындардың саны өсіп жатыр. Мәселен, Алматыға көшіп келушілердің саны қоныс аударғандардан 9 294 адамға көп. Соңғы мәлімет бойынша, Алматы тұрғындарының саны 1 миллион 815 мың адамға жеткен.

Оқыс оқиға

Жедел емес, апатты саты

Елімізде екі айдың ішінде екінші рет жедел сатыға байланысты оқыс оқиға тіркелді. Алғашқысы Ақтөбеде болған. Ол жолы Айзат Әбдісамат есімді журналист келіншек лифтіге қысылып, көз жұмған еді. Бұл жолы Атырауда 14-15 жастағы екі жасөспірім 15 қабаттан лифт шахтасына құлап, мерт болды. Екі оқиға да ұқсас: тозығы жеткен жедел саты, жас өлім.



Атыраудағы лифт шахтасында болған қайғылы оқиғаға қатысты қазір қылмыстық іс қозғалды. Аткаминерлер Алматыда отырып, атыраулықтарға қызмет көрсетумен айналысқан «Коспий лифт» компаниясының басшыларын шақыртып, сұрақтың астына аламыз дейтін көрінеді. Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек те жедел сатыда болған балалардың өліміне қатысты ашық пікір білдірді. Ол «Лифтіден 14 және 15 жастағы екі жасөспірім көз жұмды. Жедел сатының есігі жабық

тұрған. Қазір балалардың оған қалай, қандай себеппен кіріп кеткені тексерілуде. Біздің министрлікке қарасты комитет өндірістігі лифт тетіктеріне жауапты. Ал тұрғын үйлердегі жедел саты облыс әкімдіктерінің жауапкершілігінде. Дегенмен де болған оқиғаға байланысты Атырау облысы әкімдігімен бірге бұл мәселені тексеріп жатырмыз», — деді. ktk.kz сайтының акпаратына сүйенсек, жалпы Атырау қаласындағы 94 көпқабатты үйде 250-ден астам жедел саты болса, оның 32-сі мүлде жұмыс істемейді.

ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА



ҚАЙРАН ҚАЛМАЙМЫН

мұнымыз қаракөз қарындастарымыз басқа ұлтқа күйеуге шыға берсін деген емеурін емес.

Соңғы жылдары шетелдік жігіттерге күйеуге шығып жатқан аруларымыздың саны артып бара жатқан сияқты. Оны біз емес, статистика айтады. 2011 жылдан 2015 жылға дейін әр жыл сайын шетел азаматтарымен 10 мың неке тіркеліп отырған. Оның жартысы біздің елге түсіп жатқан келін болса, жартысы «күшік күйеу». Бірақ бұл көрсеткіште қанша некенің қандай ұлтпен кесілгені анық көрсетілмеген. Ал 2017 жылы 2701 бойжеткен шетел азаматына тұрмысқа шықса, биыл жыл басынан бері 753 ару күйеу баланы өзге елден тапқан.

ОҚТАЙ КЕТТІ ЖӨНІМЕН...

Түрік жігіттерімен бас құраған жастардың көп екенін айттық қой. Анадольдан келген Оқтай Иылдырыммен некесін кнып, артынан опык жеп қалған Гүлмираның өкініші бізді бей-жай қалдырған жоқ. Түрікке келін боп түскен қаракөзбен хабарластық. Jas qazaq газетіне берген сұхбатында ол әңгімесін былай бастады: — Біз 2006 жылы бас құрадық. 2008 жылы жолдасымды өз үйіме тіркеп, оған ықтияр хат алып бердім. Бір балалы болғаннан кейін, отаса алмай екі бөлек тұра бастадық. Кейін 2013 жылы 3-4 ай қайтадан бірге тұрдық. Бірақ тағы да дәм-тұзымыз жараспады. Қайтадан екі бөлек кеттік. Бірақ ол кезде аяғым ауыр еді. Сөйтіп екінші баламды өмірге әкелдім. Оқтай менен кеткен соң 1 жыл 7 ай еш жерде тіркеусіз жүрді. Шетел азаматының екі жылға жуық уақыт тіркеусіз жүруі заңға қайшы емес пе? Кейін ол Ақмола облысына барып тіркеуге тұрды. Тіркеуге тұрудың жолын қалай тапқанын білмеймін. Сол Ақмола облысының Целиноград ауданының судьясы Теміров екеуі келісіп, менің сыртымнан шешім шығармақшы болған екен. Менің

жолдасынан қорқады. Ол «Балаларды тартып алсам да, сенен екі баламды алып кетемін» депті. Егер олар дәл қазір ажырасып кетсе, Гүлмира екі балаға төленетін алименттен қағылады. Заң солай.

ТАЯУ ШЫҒЫСТАН ТАҢ АТПАДЫ

Шетел азаматынан шекесі қызбаған қыздар жалғыз Гүлмира емес, олар ондап-жүздеп саналады. Мәселен, Алматы қаласының тұрғыны Татьяна Бережная да жатжұрттық күйеуден аузы күйген әйелдің бірі. Ол болашақ жарын Таяу Шығыстағы Өлі теңіздің жағасынан тауыпты. Сөйтіп осыдан 10 жыл бұрын Иордания азаматымен көңіл қосады. Екі қызын өмірге әкеледі. Жас келіншек биыл жыл басында бала-шағасын алып, артынып-тартынып қайын жұртына қонаққа барыпты. Аунап-қунап, қыздарына шыққан тегін таныстырмақшы болған екен. Бірақ ел көріп, жер аралаймыз деген арманы су сепкендей басылған. Өйткені Таяу Шығысқа табаны тиген бойда қайын ағасы жас келіншектің құжатын тартып алып, екі қызына сол елдің азаматтығын рәсімдеген. Ал өзін 2-3 ай үйден шығармай, еркінен тыс қамап ұстапты. Тек біздің елдің дипломаттары араласып, Татьяна ханым қос қызымен елге аман-есен оралды. Жаны жаралы келіншек содан бері 10 жыл отасқан күйеуін көрмепті. Ал шетелдіктен отау көтеріп, сол отауының шаңырағы шайқалған келіншек енді қыздарының азаматтығын сот арқылы болса да, қайтарып алмақшы. Оны да заң біледі.

КОРЕЯДАҒЫ ҚАРАКӨЗ

Психологтар қазақ қыздарының шетел азаматтарына неге қызығатынын зерттеп көріпті. Сонымен, олар мынадай қорытынды шығарған. «Шетелдік жігітке күйеуге шықсақ, жаксы өмір, ырғын тұрмысқа кенелеміз деп түсінеді» дейді. Бұрынғы бабаларымыз «Қайда

талай рет көрдік. Осы туралы бір пост жазыңызшы! Әке-шешесі, аға-інісі мен жігіттеріміз ай қарап жүр ме? Ұяттан басымызды көтеріп жүре алмай қалдық! — деп аяқтаған.

Мұның біздің тақырыпқа пәлендей қатысы жоқ сияқты көрінгенімен, түпті тамыры бір. Жаксы тұрмыс ансаудан туған тағдырлы тандау. Ал сол тандаудың соңы, міне, осындай жеңіл жүріс, арзан ақшамен аяқталатындай.

КҮЙЕУ ЖІГІТТІҢ АРМАНЫ – ЫҚТИЯР ХАТ

Әуелгі кейіпкеріміздің әңгімесіне қайта оралайықшы. Қазақ қыздары шетелдіктерге байлық үшін қызықса, жатжұрттан келген күйеу балалар біздің қаракөздерге неге қызығады? Мұның жауабын ішкі істер министрлігі көші-қон комитетінің басқарма басшысы Сабыржан Сейітжановтың мына пікірінен тапқандай болдық. Ол «Шетелдіктер үшін елімізде тұрақты тұруға рұқсат беретін ықтияр хат алудың бір жолы жергілікті азаматпен некеге отыру. Мәселен, соңғы екі жылдың ішінде 26247 азамат ықтияр хат алды. 2017 жылы 19073, ал биыл жыл басынан бергі 4 айда 7170 адам біздің елден ықтияр хат алған. Оларға Қазақстан ұнап жатыр. Сол үшін алдымен келіп көріп, ұнатып, содан кейін ықтияр хат алуға өтініш береді», — деп түсіндірді. Белгілі акын Исраыл Сапарбайдың «Қазақ қызы» деген өлеңінде:

Мен қазақ қыздарына қайран қалам, Жаныры жаны жаздай жайрандаған — деген жолдары бар. Бүгінгі мақаланы қолға алғанымызда көмейімізге осы бір әдемі ән шумақтары келіп тұрды. Әсіресе, «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деген алғашқы бір жолы қайта-қайта орала берді. Бірақ бүгінгі қазақ қыздарға қайран қалмайтын болдық.

Жарас КЕМЕЛЖАН, Оразалі БАЙМҰРАТ



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

DENSАҰЛЫҚ

www.jasqazaq.kz

Тәжірибе

Адамның қос жанары – қос шырағы емес пе? «Көз – адам жанының айнасы» дейтін көнеден қалған сөз бар. Таңғажайып дүниенің ғаламатын көрсетіп, алуан түрлі түстерді түйсікке жалғайтын жанар бәрімізге қажет. Алайда бізді алаңдататыны – болашақ ұрпақтың шырадай жанған жанарының күңгірт тартуы немесе су қараңғы болып қалуы. Әсіресе, бүлдіршіндердің дүниені толық танымай жатып көз жанарынан айырылуы қасіреттің ең үлкені. Елімізде жылына 10–15 бала көз іші қатерлі ісігі (ретинобластома) отасына зәру екен. Аталған отаны жасау құны шет мемлекеттерде шамамен 50–60 мың доллар тұрады. Бұл туралы денсаулық сақтау министрлігінің Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында Ресей мамандарының қатысумен өткен жиында айтылды.

орталығында қолданбақшы. Біздің орталықта балалар арасында осы індетті азайту мақсатында көптеген шеберлік сыныптары ұйымдастырылды», – деді.

Жиын барысында «Қазақ көз аурулары» ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы Марат Сүлейменов балалар онкологиясының қазіргі таңда алаңдатып отырғанын баса айтты. Ол «Соның ішінде көз іші ісігі ең қатерлі індет болып табылады. Әсіресе, кішкентай балада болатын бұл індет бала психологиясы үшін кері әсерін тигізбей қоймайды. Бұған дейінгі ота бала өміріне қауіп төндіретін. Ресейлік мамандар алғаш рет біздің мамандармен бірлесіп, тәжірибе алмасады. Алдағы уақытта Ресейдің тәжірибесін менгерген өзіміздің дәрігерлер жана әдіспен отаға мұқтаж балаларға отаны тегін жасайтын болады. Қатерлі көз ісігіне шалдыққан біздің балаларға Педиатрия және балалар хирургиясы орталығында ота жасау мүмкіндігі туады. Біз мұнымен тоқтамаймыз. Балалар арасындағы онкологиялық індеттерді азайту мақсатында осы сынды шеберлік сыныптарын ұйымдастыруды қолға аламыз», – деді.

Бала өміріне қауіпті саналатын бұл ота Ресейде 2011 жылдан бастап жасалыпты. Қазіргі таңда химиотерапияның ең озық үлгісі қолданылатын отанын ерекшелігі туралы ресейлік ангиохирург Игорь Трофимов айтып берді.

И.Трофимов «Ота жасаудың ең тиімді жолы СИАХТ (селективті интраартериальді химиотерапия) әдісі болып табылады. Ерекшелігі көз артериясына, яғни ісікке қарай химиялық препарат жіберіледі.

Ең бастысы, отаны жасау кезінде көз жанарын сақтап қалу, яғни көру қабілетінің сақталуы мен химиотерапияның жаңа технологиясын қолдануға аса мән бердік. Ота біздің елде есепте тұрған балаларға тегін жасалады. Осы әдісті қолданғанға дейін наукастың түбегейлі жазылып кетуіне 30 пайыз кепілдік бере алатынбыз. Қазаргі таңа жаңа технологияның арқасында отадан кейінгі өлім-жітім көрсеткіші 95 пайызға азайды», – деп түсіндірді.

Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты осы аталған технологияны елімізде енгізуге бастама көтеріп отыр. Сонымен

жиі кездеседі. Бұл індетпен көбінесе 5 жасқа дейінгі балалар ауырады. Аурудың шарықтау шегін балада 3 жасқа дейін анықтауға болады. Құрылымы жағынан өте қатерлі ісікке жатады. Елімізде бұл індетпен ауыратын балалар саны 2016 жылы 10–15 бала болса, 2017 жылы – 25-ке жеткен. Біздің елде аталған дерттің қалыптасқан ем-домы көзді алып тастау мен химиотерапия болатын. Көздің жоқтығы мен көз протезін тағып жүру бала психологиясына

«Ретинобластомаға шалдыққан наукастарды емдеу» атты көз іші қатерлі ісігін емдеуге арналған шеберлік сағатына Мәскеудегі Н.Блохин атындағы Онкологиялық ұлттық медициналық зерттеу орталығының дәрігерлері-ангиохирург Игорь Трофимов және анестезиолог Леонид Мартынов арнайы қатысты.

Балаларда кездесетін көз іші ісігі ауруының арасында ретинобластома дерті 90 пайызды құрайды және оның қатері жоғары. Жыл сайын әлемде қатерлі көз іші ісігіне 8100 адам шалдығады екен. Оның ішінде 570–810 нәрестеде кездеседі. Ретинобластома – көз алмасының бөріні ісік басып, көру жүйкесіне, көз ұясына, бас миына өсіп шығатын агрессивті барысымен сипатталады. Ісік тек көру қабілетінен айырып қана қоймай, басқа органдарда екінші қатерлі ісіктің дамуы мен өлім-жітім



«Ең жоғары клиникалық және экономикалық тиімділікті, сондай-ақ медициналық технологиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін медициналық практикаға жаңа технологияларды және дерілік заттарды енгізу процесі жетілдіріледі»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

қауіпіне әкеледі. Елімізде 2016 жылдан бері ретинобластома дерті анықталған балалар денсаулық сақтау министрлігінің педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында ем алады. Орталықтың директоры Риза Боранбаеваның айтуынша, ресейлік дәрігерлер елімізде тұңғыш рет көз іші ісігіне шалдыққан 4 балаға СИАХТ (селективті интраартериальді химиотерапия) отасын жасайды. Ол «Біздің елде орта есеппен 500–600-ге жуық балалар онкологиялық аурумен ауырады. Алдыңғы қатарда лейкомия, жүйке жүйесінің ісік аурулары болса, қазіргі таңда ретинобластома (көз іші ісік ауруы) да

әсер етіп, әлеуметтік ортаға бейімделуіне қиындық әкелетін. Сондықтан да бұл аурумен ауыратын наукастарды емдеу тек медициналық емес әлеуметтік маңызы бар проблема.

Сонғы он жылда ретинобластома дертін емдеу әдісінің алгоритмі өзгерді. Жаңа әдісті қолдану арқылы көзді алып тастау әдісі біршама азайды. Қазіргі таңда аталған аурудың алдын алуда жаңа тәсіл мен жаңа диагностика қолданылады. Бұл әдісті алғаш рет Ресей дәрігерлері біздің елдегі «Қазақ көз аурулары» ғылыми-зерттеу орталығы мамандарымен бірлесіп, педиатрия және балалар хирургиясы

хаттамасы қайта қарауға әзірленді. Еліміздің денсаулық сақтау министрлігі бекіткеннен кейін СИАХТ әдісі балалар онкологиялық қызметі Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының практикасына енгізілетін болады. Көз іші қатерлі ісігі – ретинобластоманы емдеудің органсақтаушы әдісін енгізу және дамыту балаларға анатомиялық және функционалдық орган ретінде көзді сақтай отырып, жоғары мамандандырылған тегін көмек алуына мүмкіндік береді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласы

Жәрдем

Жедел жәрдем стансасы – науқасқа дер кезінде алғашқы көмек көрсететін жауапты орталық. Ақтау қаласындағы

жедел жәрдем стансасында жұмыс таңғы сағат 8-де басталып, түнгі он екіге дейін жалғасады. Біз қолымыздағы басты қаруымыз қаламды ақ халатқа айырбастап, «жеделшілердің» жұмысы жайында біліп қайтқан едік. Табалдырықты аттағаннан адам өмірі үшін арпалысқа түсетін қарбалас тірлікті көрдік.

ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТІҢ



ЖҮГІ АУЫР

1992 жылы жұмысын бастаған орталықта қазір 344 адам қызмет етеді. Бір тәулікте 16, 17 бригада жұмысқа аттанады. Оның екеуі – арнайы бригада. Аяқ астынан көлік апаты немесе оқыс оқиға болған жерге бұлар шұғыл жетеді. Бриганың басқа да құрамдарында педиатр, 2 дәрігер және фельдшерлер бар. Жедел жәрдем стансасында 17 көлік қызмет көрсетеді. 1 көлік – 1 бригада болып есептеледі. Бригада жана гаджеттер және GPS- навигаторлармен жабдықталған.

Біз аяқ басқан бөлмеде тәулігіне 5 диспетчер қонырауға жауап беріп, наукастың мекен-жайын анықтайды. Үйге жедел жәрдем шақырып, 103-ке қонырау шалғанда аты-жөніңізді, мекен-жаймен қоса, мән-жайды сұрайтын осы қыздар. Қонырау қабылданғаннан кейін өтініштің деңгейі анықталады. Содан кейін бас диспетчерлікке белгі түседі. Медперсонал карта бойынша жақын маңдағы жедел жәрдем көлігін қарайды. Бұл GPS навигациялық аппарат бойынша жасалады, яғни әрбір «жеделшілерде» орналасқан. Осы бөлмеде белгіленген орынға баратын бригадаларға келіп түскен қонырауды таратады. 4 ауысымда жұмыс істейтін қонырауға жауап беріп отыратын қыздардың саны – 20.

Біздің кейіпкеріміз Әйгерім Өтесбайқызы – дәрігер. Ақтөбе қаласындағы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университетінде 7 жыл оқып, білім алған. Өзі Маңғыстаудың тумасы. Сүйіп таңдаған мамандығын асқан жауапкершілікпен атқарып жүрген ақ халатты абзал жан. Кішкентайынан дәрігер болуды армандаған ол бала кезінде басқа құрбылары қуыршақ ойнап жүргенде, ақ халат киіп, қолына ұстағаны шприц болды. Оқуды тәмамдаған соң, жедел жәрдем стансасына жұмысқа келді. Жас маман жұмысқа кіріскеніне аз уақыт болса да, біліктілігімен көзге түсіп үлгерген.

Әйгерім «Медицина саласындағы қызметінді «жедел жәрдемнен» бастаған жөн. Себебі мұнда бәрін көресің, тәжірибе жинайсың. Бастапқыда жұмыс оңай болған жоқ.



«Жедел және шұғыл медициналық көмекті кадрлармен қамтамасыз ету нормативтері қайта қаралады, халықаралық стандарттардың негізінде білім беру бағдарламалары әзірленіп, денсаулық сақтаудың барлық деңгейлері үшін кадрлар даярлау орталықтары құрылады, бұл ретте, олардың рөлін жоғарылату бойынша шаралар қабылданады»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Өзі аты айтып тұрғандай «жедел» болғасын, науқас ауырып қалғанда ең бірінші біз байланысқа түсеміз. Ауруы жанына батып, қатты қиналған жанды көріп, алғашқы көмекті көрсетуге асығасың. Науқас есін жиганда бүкіл қиындық есіңнен тарс шығып кетеді», – дейді.

«Қала тұрғындары күн сайын әр түрлі себеппен қонырау шалады. Тәулігіне кемінде 400 қонырау түсіп, кейде демалыс күндері бұл сан күрт көбейеді. Қыстың күні мұзда құлап немесе тұмау тиіп ауырса, жаздығүні ұланып қалу оқиғалары көп. Оған күнделікті температура, инфаркт, инсульт қосылғанда, біздің жұмыстың қиындығын өзіңіз пайымдай беріңіз. Мұнда, тіпті уақтылы тамақ ішуге де мұрсат жоқ. Себебі адам жаны қиналған сәтінде жетуің керек. Қателесуге



немесе кешігуге хақын жоқ. Мұндағы қыз-келіншектер өз қызметін жақсы менгерген жандар», – деп жас маман сөзін қорытындылады.

Байқағанымыздай, орталықтағы қызметкерлердің басым көпшілігі – нәзік жандар. Әйел адам тұрмыста ана болса, жұмыста қызметкер. Дегенмен мұндағы әйелдер қауымы бір уақытта бірнеше жұмысты атқаруға дағдыланған.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

(Соңы. Басы газетіміздің алдыңғы санында)

АШАРШЫЛЫҚТЫҢ БАСТЫ СЕБЕПТЕРІ

Мал қазактар үшін халық шаруашылығының басты желісі болып табылатын еді. 1925 жылдың өзінде-ақ республика халқының 75 пайызы мал шаруашылығымен айналысып, ол халық шаруашылығындағы барлық өнімнің 50 пайызын берді. Қазактардың 90 пайызы мал шаруашылығымен айналысты. Мал шаруашылығы еліміз үшін ұлттық мәселе де болып табылатын еді. 1928 жылғы қазақ байларын тәркілеу қарсаңында мал шаруашылығы ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімнің 66,6 пайызын, ал тауарлы өнімнің 70,5 пайызын берген болатын. Қазақстанның мал шаруашылығының тауарлы өнімдері Одақтың өнеркәсіпті аудандарын, астаналар — Мәскеу мен Ленинградты, Орталық Азияның мақта өсіруші аудандарын етпен асырады. Қазақстанның мал өнімдері Қиыр Шығысқа да жөнелтіліп отырды. Егер де 1926 жылы Қазақстанда 25 млн 729 мың бас мал болса, ол көрсеткіш 1933 жылы — 37 млн 327 мыңға, 1936 жылы — 44 млн 347 мың басқа, ал 1941 жылы 61 млн 871 мың басқа артатын деп жоспарланды. Алайда 1928 жылдан бастап мал басының кемуі өте тез қарқынмен жүрді. 1930 жылы қазақтар қожалықтарын жоспарлы түрде жаппай отырықшыландыру



Жалпы алғанда, Қазақстанда 40 миллионға жуық малдан 1933 жылдың ақпан айында 4 млн бас ғана мал қалды.

Қазақстан мал басын шартқа тіркеу жоспарын 57,2 пайызға ғана орындай алды. Сондықтан да Қазақстан үкіметі 1930 жылы 16 қаңтарда «Малды жыртқыштықпен сойып тастауға қарсы күресу шаралары туралы» арнайы қаулы қабылдады. Бұл бойынша шартқа отырғызылған малды сактай алмағандар екі жылға дейінгі мерзімге бас ерігінен айырылатын және басқа жерлерге жер аударылатын болды. Ал қолхозшылар болса, қолхоз мүшелігінен шығарылатын болды. Осындай қатал шараны жүзеге асыруға «Союзмясопродукт», «Совхозцентр», «Скотовод», «Овцевод» «Казживсоюз» тәрізді мекемелер белсенді атсалысты. 1930 жылдың 1 маусымына қарай қолхоздарда барлық малдың 22 пайызы ғана шоғырланса

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

уақытта 326 адамды жазалап, олардың 152-сін атып жіберді. 1929-1933 жылдар аралығында, яғни 5 жылдың ішінде Қазақстан ОГПУ-ның Үштігі 9805 істі қарап, 22 930 адамға жазалау шарасын қолданды. Олардың ішінде 3386 адам ату жазасына кесілсе, ал 13 151 адам 10 жылға дейін мерзімге концлагерге жөнелтілді.

Бай кулактарды тап ретінде жою науқанында қуғын-сүргін асқына түсіп, 56 498 адам жауапқа тартылды. Күштеп ұжымдастыру жылдарындағы әртүрлі әлеуметтік-саяси науқан кезінде 165 мың шаруа қуғын-сүргінге ұшырады. 1932 жылы 7 тамызда Мәскеуде жарық көрген социалистік меншікті қорғауға байланысты заңды орындау барысында тек заң әрекет жасаған алғашқы жылы ғана Қазақстан бойынша 33 345 адам сотталды.

Ашаршылық жылдары Қазақстанда арнайы қоныстанушылар (*спецпереселенцы*) және Гулаг тұтқындары ретінде 180 015 адам азап шекті. 1929-1931 жылдары Қазақстанды халық көтерілістері шарпыды. Олардың 15-сі

жылдары азайған халықтың саны 2 млн 900 мыңнан асып кетеді...

Иә, көріп отырмыз, аштық ауқымын халық саны негізінде сипаттау — қазақ жерінің сол жылдардағы ауыр қасіретінен едәуір толық хабарлар етеді. Ауыл халқы санының қысқаруы туралы мәліметтерге назар аударар болсақ, 1930-1933 жылдар аралығындағы халық санының кемуі 3,379,5 мың адамды құрайтынын аңғарар едік. Бұл кему негізінен қазақ халқына қатысты. Өйткені осы жылдары қазақ халқының 90 пайызы мал шаруашылығымен айналысып, 6 пайызы ғана қалалық жерде тұрды. Оның үстіне бұл жылдары қала халқының өсуінің қазақтарға қатысы жоқ. Босқын қазақтарды қалалар тіркеуге алмады.

Қазақтардың жоғарыда көрсетілгендей, көлемде кеміп кетуі Қазақстанның Халық шаруашылығы есептеу басқармасы (*Казнархозучет*) бастығының орынбасары Н.Мащевитчтің Л.И.Мирзоянға 1935 жылы 23 қыркүйекте жазған едәуір көлемді құпия хатында да көрсетілген. Ол бойынша ауыл халқының 1930-33 жылдардағы кемуі 3 млн 559,8 мың адам. Егерде мұрағат қойнауындағы «алтаудын» И.Сталинге (*қосірмесі Л.Мирзоянға*) жазған мәліметтеріне назар аударар болсақ, 1930 жылғы 4 млн 800 мың қазақтан (*800 мың қазақ шаруашылықтарынан*) 1932 жылдың көктемінде 2 млн-ға жуық ғана қазақ (*450 мың қазақ шаруашылықтары ғана*) қалғанын аңғара аламыз. Яғни 1930 жылдан 1932 жылдың көктеміне дейін қазақтар саны 2 млн 575 мың адамға қысқарған. Әрине, бұлардың бәрі өлгендер емес, мұнда босқындар да бар ғой. Алайда бұл деректе ашаршылық асқынған 1932 жылдың жаз және күз айларындағы

және 1933 жылдың алғашқы жартысындағы қырылғандар есепке тіркелмеген ғой. Жанама санақ ашаршылықтың соңғы жылдарында ауылда тағы да 1 миллионға жуық адамның қысқарғанын, яғни 1930-33 жылдардағы ауыл халқының кемуінің 3 млн адамнан асып кететінін мойындайды. Иә, ашаршылық 1933 жылы да жалғасып, осы бір жылдың ішінде ғана Қазақстандағы ауыл халқының кемуі жоғарыдағы М.Саматов көрсеткен мәлімет бойынша 723,5

АШАРШЫЛЫҚ АҚТАҢДАҚТАРЫ

және бай кулактарды тап ретінде жою науқандары мал басының күрт құлдырауына жол ашты. 1930 жылдың көктемінде Ораз Исаев бастаған мемлекеттік комиссия мал басының 30 пайызға кемігенін анықтады. 1929-1930 жылдары бай кулактар малының 40 пайызына жуығын қолхоз-совхоздардың тартып алуы, мал басының кемуіне тікелей себепкер болды. Осылайша, социалистік секторды (*қолхоздар мен совхоздарды*) жекешелердегі мал басын қысқарту есебінен өркендету мал

да, малды шартқа тіркеудің 42 пайызы осы қолхоздарда жүргізілді. Яғни бұл шаралар жекешелерге де, қолхоз мүшелеріне де аса ауыр тиді. Қазақстан жоғарыда айтып кеткеніміздей, ет дайындау науқанында Одақтың негізгі өнеркәсіпті калаларын, Орталық Азияның мақта өсіруші калаларын, сондай-ақ Қызыл армияны, Мәскеу мен Ленинградты етпен қамтамасыз етуі тиіс болды. Сондықтан да теміржол стансаларының бойларында мал соятын алаңдар жасалып, сойылған малды шұғыл жөнелту қолға алынды. Мұның өзі 1930-1933 жылдары мал басының 36 миллионға жуық басқа кеміп кетуін тездетті. Оның 15 миллион басы ет дайындау науқандарында сойылған және басым көпшілігі Қазақстаннан сыртқа әкетілген мал басы еді. Біздің есебіміз бойынша Қазақстанның өз ішінде тұтынуға арнап сойылған мал басы 8-9 пайызды ғана құралды. Тек 1931 жылға дейін Қазақстаннан сыртқа 9 млн 120,7 мың бас мал ет түрінде әкетілді. Барлығы

1929-1933 жылдар аралығында Орталықтың талап етуімен Қазақстанда 2 млн 422 мың 105 центнер ет дайындалды. Мұның өзі дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысатын қазақ халқының жаппай қырғынға ұшырауына жол ашты.

АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН

Голощекиннің «Кіші қазан» науқандарында, әсіресе ірі қазақ байларын тәркілеу барысында жаппай саяси қуғын-сүргін орын алды. Мұрағат қойнауларында осы кісілердің 799 жеке ісі сақталған. Бұлар Қазақстанның басқа



аймақтарына жер аударылып, 1930 жылдың басында бай кулактарды тап ретінде жою науқандары басталған кезде өлім жазасына кесілді. 1928 жылы Сталин өзінің Сіміз сапарында мемлекетке белгіленген бағамен астық тапсырудан бас тартушыларды қылмыстық істер кодексінің 107-бабы бойынша соттауды ұсынды. Осыған байланысты Қазақстанда 40 мыңдай шаруа қожалықтары (*шамамен 200 мыңдай адам*) сот жазалау органдарының шешімімен жазаланды. Бұл қуғындаудағы тәжірибені ОГПУ органдары кейінгі науқандарда да пайдалана бастады. Тек 1929 жылғы 15 желтоқсанға дейін ғана астық дайындау барысындағы қуғын-сүргінде 30 мың 800 адам сотталды. 1928 жылдың 1 қазанынан 1929 жылдың 1 желтоқсанына дейін ғана сот органдары тарапынан 125 адам ату жазасына бұйырылды. Ал ГПУ органдары осы

бұқаралық сипат алып, аудан көлемінде уақытша Кеңес үкіметін құлатты және кешікпей-ақ күшпен басылды. КСРО Халық комиссарлары кеңесі жанындағы мемлекеттік біріккен саяси басқарма органдарының өзі ғана осыларға қатысқан 5551 адамды соттап, оның 883-ін атып жіберді. Ф.Голощекиннің

И.Сталинге 1931 жылдың желтоқсанында жазған құпия хатында көтерілістерге қатысқандардың қалай жазаланы нақты көрсетілген. Одан сөзбе-сөз үзінді келтірер болсақ, ол былай деп жазады: «...соңғы екі жылда ірі бандалардың 34 мыңға жуық адам қатысқан 15 бас көтеруі орын алды. Осы екі жылда 1350 контрреволюциялық топ жойылды. Оған қатынасқан 7,5 мың адам қолға түсті».

Бұған қосымша айтарымыз, жалпы алғанда, 1929-1931 жылдары Қазақстанда орын алған 372 көтеріліске қатысқан 80 мың адамның бәрі дерлік қуғын-сүргінге ұшырады. Созақ, Ырғыз, Сарканд және Өскемен—Зырян көтерілісінде ғана жазалаушы—әскери бөліммен болған тікелей қастығыста мыңнан астам адам өлді. Ашаршылық жылдарындағы құрбандар санын есептегенде, бұлар жалпы шығынның ішінде кетеді. Осы жылдары Алаш қозғалысының басшыларына және оған қатысушыларға сот процесі болғаны тағы белгілі. Орталық Қазақстандағы Абыралы-Шыңғыстау

Орталық Қазақстандағы Абыралы-Шыңғыстау көтерілістеріне қатысушылардың кейбірі Алаш қозғалысы өкілдерімен (Ш.Құдайбердіұлымен, Ж.Аймауытовпен, М.Әуезовпен және т.б.) байланысты болғандар ретінде де айыпталды.

көтерілістеріне қатысушылардың кейбірі Алаш қозғалысы өкілдерімен (*Ш. Құдайбердіұлымен, Ж.Аймауытовпен, М.Әуезовпен және т.б.*) байланысты болғандар ретінде де айыпталды.

АШАРШЫЛЫҚТАҒЫ АДАМ ШЫҒЫНЫ

Қазақстанның Егіншілік халық комиссиариатының (*Наркомзем*) мәліметтері бойынша 1930-1932 жылдары Қазақстандағы ауыл халқының кемуі 1 млн 831 441 адам деп көрсетіледі. Бірақ 1933 жылғы мәлімет көрсетілмеген. Осы жылдары Қазақстанның санақ басқармасы (*Казнархозучет*) бастығының орынбасары Н.Мащевитчтің мәліметіне қарасақ, бір ғана 1933 жылы қысқарған ауыл халқы 1 млн 70,5 мың адамды құрайды. Яғни барлығы ауылда 1930-1933

адамды, ал Н.Мащевитч көрсеткен мәлімет бойынша 1.070,5 адамды құраған. Мұндағы алғашқы көрсеткіш негізінен қазақтарға қатысты, ал кейінгі көрсеткіш жалпы ауыл халқын бейнелейді деп қарастырар болсақ, қазақтардың 1930-33 жылдардағы аштан қырылу көрсеткішінің аман қалған босқындары есепке алмағанда

2 млн 200 мың адамнан асып кететінін тағы да атап көрсетуге мәжбүр боламыз. Жанама санақтар деректері де ашаршылық жылдары осынша адамның қырылғанына көзімізді жеткізе түседі. Алайда осындай нақты деректер қолымызда тұрса да, бүгінгі тарихымызда аштық құрбандықтарын біржақты демографиялық жолмен ғана үсірт есептеп, 1930-33 жылдардағы өлген қазақтар санын негізсіз бұрмалай көрсету орын алып отыр. Мысалы, Р.Конквест оларды 1 млн адам көлемінде деп көрсетсе, Р.Дэвис пен С.Уиткрофт қазақтардың 1931-33 жылдардағы құрбандықтарын 1 млн адамнан астам, ал басқа ұлттарды қосқанда бұл көрсеткіш 1,3-1,5 адам шамасында деп ойлайды. Ал қазақстандық тарихшылардың бір тобы (*Б.Төлебаев, В.Осинов*) осы аштықта 1,5 млн адам қырылғанын, тарихшыларымыздың және бір тобы (*М.Қозыбаев, Ж.Абылғажин, М.Тәтімов*) — 1 млн 750 мың адамның өлгенін айтады. Бұл деректер болжам түрінде айтылса да, олар Қазақстан тарихынан жазылған іргелі зерттеулерге ғана емес, мектеп оқулықтарына да нақты көрсеткіш түрінде еніп кетті. Осылайша, қаласақта, қаламасақта 1931-33 жылдардағы ашаршылықтың демографиялық салдарлары туралы ғылыми қорытындылардың көпе-көрнеу бұрмалануының куәгері болып отырмыз.

Сонымен, қорыта келгенде айтарымыз, 1931-1933 жылдардағы халық қасіреті тарихымызда біршама толық зерттеліп, шындықтың басы ашылды. Солай бола тұрса да, ақиқат әлі бұрмалануда.

Талас ОМАРБЕКОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор





ULT SAÝLYǴY


www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Шипа

Қайран да қайран жүрек өлсіз ғана демігіп жатыр. Енді-енді бүлк-бүлк етіп соғуын біржола қотындай. Алапат арпалыстан айнып, тыныш табатындай. Тыныштыққа не жетсін, шіркін. Бірақ жүректің тыным алмай соққаны керек. Сырқат жүректің қуаты да солғын тартқан ба қалай?.. Алпыс екі тамырдағы қызу қанды қуалай ағызға қауметі қаптал жетпейтіндей. Тозды ма өкен, әбден сілесі құрып өлсіреді ме өкен. Жоқ, тозған жүректің өзі емес еді, әлі көп жыл соғуға шамасы жететіндей. Тек жолын байлап тұрған қан тамырлары ғана. Өңездөніп бітелген, дәл бұрынғыдай қуалай ағып, құлдырай жүгіріп, ағзаның өне бойында өрікпі шапшып тұрған жоқ. Сондықтан да жүрек күпті. Күпті жүректің дертін қандыауырмен сылып тастауға қазіргі кардиолог дәрігерлердің қауметі әбден жетеді.

Ақмола облыстық аурухананың жанындағы кардиология бөлімшесінің қазақы тілмен айтқанда, шипалы ем-домына жалпақ жұрт дән разы. Тақырыпты өріден тарататындар «бұл да ел тәуелсіздігінің



Бөлімше меңгерушісі
Нұрлан Мінайдаров

айтқанда, жүрек ауруларының толып жатқан түрлері мен олардың пайда болу себептері. Жалғыз себептерін ғана анықтап қою аз, қолдан келіп жатса, кардиолог мамандардың емдеуге қол жеткізгені қандай ғажап. Бұл арман еді. Ал арманның бәрі бірдей қол жеткізе бере ме? Дәл осы жолы жеткізді. Жеткенде қандай! Бағыт бір бөлмеден басталған жүрек

ауруларымен күрес қарқын алған тұс — 2005 жыл еді.

Бұған дейін де талай тамаша жетістіктерімен өміріміздің шынайы алғысына бөленген облыстық аурухана жанындағы кардиологиялық орталығы ашылып, жаңа сипаттағы медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Ең алғашқы коронароангиография өткізілді. Саланың салмақтана түсуіне Үкіметтің «Қазақстан Республикасында 2007-2009 жылдарда кардиология саласын және кардиологиялық көмек көрсетуді жетілдіру туралы» қаулысы себепші болды. Бағдарлама аясында 2008 жылдың 1 сәуірінде бұрынғы ангиохирургия бөлімшесінде ангиография кабинетімен жабдықталған жиырма кереуеттік кардиохирургия бөлімшесі ашылды. Осы бағдарлама жалғыз біздің өміріге ғана

бөлінуде. Осындай камкорлықтың арқасында облыстық аурухананың жанындағы «Жүрек орталығының» материалдық-техникалық базасы жаңа заман талабына сай медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, кардиолог мамандарымыздың біліктілігі жетілдіріліп, орталықтың жалпы қуаты артып келеді. Солай бола тұра, өңір тұрғындарына өз денсаулықтарына өздері камкор болып, салауатты өмір салтын сақтау туралы кеңес берер едім.

Шынында да, жүрек ауруымен ауыратындар қатары жылдан-жылға көбейіп келе жатқаны да жасырын емес, себептері де сан алуан. Жүрек аурулары әртүрлі аурулардың асқинуынан немесе қан тамыры жүйесі қызметінің бұзылуы мен зақымдануынан пайда болатын аурулар. Оның ішінде жиі кездесетін түрлері ревматизм, гипертония, жүрек ақауы, жүрек демікпесі, жүрек және қан тамыры неврозы, миокард инфарктісі және басқалары. Ғалымдардың айтуына қарағанда, бұл аурудың пайда болуының себепкері эмоциялық көңіл-күйдің түсуі мен күйзеліс көрінеді. Түсінікті тілмен айшықтайтын болсақ, адам күйзеліске түскенде оның сезім мүшелерінің қызметі төмендемек.

Жүрек аурулары түрлерінің жылдам көбейіп, елді алаңдатып отырғандарын жоғарыда айттық. Әйтсе де, ақ халатты абзал жандар дәрменсіз күйге түсіп, қол қусырып қарап отырған жоқ. 2008 жылы облыста тұңғыш рет бүйрек ұлпалық артериялық гипертензиясымен ауыратын сырқатқа бүйрек стенттеуі жасалды. Осыдан бастап осы саладағы ғылыми жаңалықтар тәжірибеге батыл енгізіле бастады. Ал 2010 жылғы кардиостимулятор қою сырқаттардың

құмырын ұзартатын жана бір әдіс болып есептеледі. Сырқаттар кардиология бөлімшесінде ем-дом қабылдап, ота жасалғаннан кейін олардың ағзасындағы өзгерісті дәрігерлердің мұқият қадағалауы қажет. 2010 жылдан

бастап кардиология бөлімшесінде «Сау жүрек» кабинеті жұмыс істейді.

2013 жылы кардиология саласының барлық бөлімшелері жана ғимаратқа көшірілді. Ең жаңа медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Қазіргі күні «Жүрек орталығында» екі кардиология, кардиохирургия, кардиосауықтыру, эндоваскулярлық хирургиясы бөлімшелері жұмыс істейді. Ұйымдастыру әдістемелік шараларын жүйелі жүргізудің нәтижесінде өңірде өткір миокард инфаркті салдарынан өмірмен қош айтысатындар саны айтарлықтай азайып отыр. Кардиохирургтар жыл сайын жүрекке 230-дан астам ота жасайды.

Бүгінгі таңда «Жүрек орталығының» ұжымы диагностиканың жана да тиімді

әдістерін жүрек-қан тамырлары сырқатымен ауыратындарды емдеудің нәтижелі тәсілдерін өздерінің күнделікті тәжірибелерінде батыл жүзеге асыруда. Уақыт бір орында тұрмайтыны тәрізді, медицина саласында да, оның ішінде жүрек ауруларын емдеу тәсілдерінің де ұдайы жаңғырып, жаңарып отыратындығы әмбебап. Сондықтан да, емдеу сапасын жақсартуға байланысты ішкіміз іс жүйелі түрде жүзеге асырылуда. «Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде өткір миокард инфарктісіне душар болған сырқаттарға медициналық көмек



емес, еліміздің барлық облыстарында кардиология саласын дамытуға бірден-бір себепші болды. Мамандар тәжірибелері мол, біліктері бай шетелдерде оқып үйрене бастады. Өздері ғана барған жоқ, Еуропа елдерінің тәжірибелі мамандары да келіп нақты көмек көрсетті. Сөйтіп, нәтижелі әріптестік басталды. Кардиохирургия саласының мамандары Ресей, Литва, Израиль елдеріндегі озық тәжірибелерді менгерді. Осы бөлімшеде 2008 жылдың 7 шілдесі күні тұңғыш рет

арқасында, халықтың бірінші байлығы — денсаулығын сақтау үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан шынайы камкорлықтың айшықты, айқын көрінісі» дейді. Сау жүректің, дімкәс жүректің таразысына салсаң, осы ой-пікірдің қисынға әбден келетіні де рас. Кешегі кеңес заманында облыс орталығында адам ағзасының ең нәзік мүшесі — жүрекке ота жасау дегенді ешбір адам көз алдына елестете алмас еді. Соқыршектің өзін сылып тастауға кейбіреулердің дәті жете бермейтін.

Қанша жанды анық ажалдың аузынан жұлып алып, аяғынан тік тұрғызып, құлыншақтай құлдыраңдатып жіберіп жатқан облыстық аурухана жанындағы кардиология орталығының төл тарихы бар. Әріге назар салатын болсақ, әуел баста осы іс терапия бөлімшесіндегі айналымға келмейтін жалғыз бөлмеден басталғанын бағамдар едік. Ол тұста маман да тапшы, ал материалдық-техникалық база мүлде әлсіз. Жүрек ауруларының себептерін зерттейтін, емдейтін жана сипаттағы күрделі әрі қуатты медициналық құрал-жабдықтар жоққа тән. Әйткенмен, бүгінгі күні әлемнің бай да бақуатты, экономикасы дамыған елдерінің өзінің бас ауруына айналып отырған жаңа ғасырдағы №1 дерт есебіндегі жүрек ауруларын емдеуге деген ынта-ықылас зор еді.

Тұтасқан қиындықтың сенін бұзған, жұлын омыртқасын опырған алғашқы қадам зерттеуден басталған. Яки, ресми тілмен



аортокоронарлы шунттау операциясы Астана қаласының Ұлттық медицина орталығының бас кардиохирургі Ю.Пяньқа қадағалауымен өткізілді. Литва кардиохирургтарының 2008-2009 аралығында көрсеткен практикалық көмегінен кейін 2009 жылдың 8 желтоқсанында алғаш рет Ақмола облыстық ауруханасында жергілікті кардиохирургиялық дәрігерлермен муаммарлы-коронарлы отасы жасалды. Ота жасаған кардиохирург Нұрлан Мінайдаров. 2012 жылдың 4-ші қаңтарынан бастап кардиохирургия бөлімшесі «Жүрек орталығы» кешеннің бірінші қабатына көшіп, бөлімше меңгерушісі Нұрлан Мінайдаров болып тағайындалды. Сол жылы бөлімшеде туа пайда болған ақаулары бар балаларға хирургиялық ем жасала бастады. Тынға түрен салудың қаншалықты қиямет шаруа екендігін әркім де біледі. Әріптестік негізінде жүрек-тамыр жүйесі ауруларын диагностикадан өткізудің жана әдістемелері батыл енгізілетін болды.

— Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей камқорлығының арқасында денсаулық сақтау саласы жана бікке жетіп отыр, — дейді облыстық аурухананың бас дәрігері Серік Аяғанов, — жыл сайынғы халыққа жолдаған Жолдауларында да еліміздің басты байлығы болып саналатын денсаулыққа ұдайы көңіл



көрсетудің жана моделін камтитын 2016-2019 жылдарға арналған шаралар тізбесі жасалды.

Салауатты өмір салтын насихаттауға, аурудың алдын алуға үзбей көңіл бөлінуде. Алдағы уақытта да білімдері мен біліктіліктерін үзбей жетілдіре бермек. Кардиохирургиялық және интервенциялық кардиология бөлімшесінде жүректің ишемиялық ауруы, жүре пайда болған, туа пайда болған жүректің ақаулары бар науқастарға диагностикалық және хирургиялық ем көрсетіледі.

Білікті дәрігерлердің ем-домы шипа болып, сырқат жүрек қайтадан қуат алғандай. Қайтадан қалыпты машықпен бүлкілдеп соға бастады. Осы үрдісін үзілмесін, елдің ет жүрегі.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Таңдау

Медбике, мейірбике десе, көз алдымызға ақ халатты дәрігерлердің көмекшісіне айналған қырмызы қыздар елестейді.

Ал мейіргер кім? Қазір сондай маман пайда болыпты. Құлаққа да аса жағымсыз естілмейді. Мейірбикеге жақын мамандық екенін атауының ұқсастығынан байқайсыз. Сонымен, мейіргер дегеніміз жігіттердің кәсібіне қойылған атау болып шықты.

Бұрын аурухана, емхананы мейірбикесіз елестету мүмкін емес еді. Қазір сол қыздардың орнын мейіргер жігіттер алмастырған. Олар науқасқа алғашқы медициналық көмек көрсетіп, күтім жасау әдісін игерген және қан қысымын, дене қызуын өлшеу, екпе салу, ауру тарихын тіркеу сынды медициналық көмек көрсететін бикештердің ісін ұрыштықтай ііріп жүрген жігіттер. Бірақ олар жайлы көп айтылмайды. Газеттің арнаулы тілшісі мейіргерлікті менгеріп, шипа іздегендерге ем-шара жасап жүрген мейіргер азаматтармен әңгімелескен еді.

Алматы қалалық наркологиялық медико-әлеуметтік түзету орталығының мейіргері Дамир Ташов «Науқастар мейіргер екенімді естігенде таң қалады. Жіі көремін. Үйреніп те қалдым. Мектепте жүргенде мейіргер боламын деп армандадым. Ата-анам да таңдауыма қарсы болмады. Бұл тек қыз-келіншектердің кәсібі деген жансақ пікір. Алматыда медициналық колледжде оқыдым. Студент кезде Алматы қалалық наркологиялық орталығында үш ай тәжірибеден өттім. Оқу бітіргеннен кейін емханаға жоллама берген еді, одан бас тарттым. Емханада мейіргерлерге практикалық тұрғыда тәжірибесін шыңдап, білімін жетілдіруге мүмкіндік аз сияқты көрінді. Мамандығымның қыр-сырын менгеру мақсатында осы орталыққа жұмысқа орналастым. Шипа іздеген, дертіне дауа сұраған мұқтаж жанның сырқатынан жаны айығып кеткенде, олардың алғысын естігенде, бақытқа кенелемін! Мейіргерлікті әлемдегі ең қайырымды мамандыққа тенеімін. Дегенмен келешекте психолог мамандығын менгеруді жоспарлап жүрмін», — дейді.

Дамир «емделушілердің бастапқыда өзіне жатырқап, таңырқап қарағанын байқалды» деп күледі. Күнде дертінен құлан-таза айығып кеткенше денсаулығын қадағалап, дәрі-дәрмегін ішкізіп, қан қысымын тексеретін жігіт туралы емделушілердің де ойын білдік.

Ержан Болатқожаев есімді емделуші «Мейіргер негізі әйелдердің кәсібі деп есептеймін. Бала кезде екпе салған, есейгенде де ауруханаларда сол ақ халат киген қыз-келіншектерге көзіміз үйренген. Дамир саусағымнан қан алып, ем-шарасын жасағанда, біртүрлі болғанымды жасырмаймын. Мейіргердің медициналық көмегіне өкпем жоқ. Басым ауырса да екі айдан бері Дамирге барамын», — деп жауап берді.

Медицина саласында мейіргер жігіттерді жедел медициналық жәрдем қызметі, психиатриялық, наркологиялық орталықтарда кездестіруге болады. Орта білім алған медицина қызметкерлері — дәрігерлердің, фельдшерлердің серігі әрі көмекшісі. Наркологиялық орталыққа түсетін пациенттердің ерекшелігіне байланысты ер азаматтардың осы салада енбек етіп

МЕЙІРГЕР



жүргені қуантады. Маскүнем, кейде есірткі тұтынып, дерті асқынған емделушілер ақыл-есін жиғанша ер-азаматтардың медициналық көмек көрсеткені дұрыс. Дегенмен мейіргер, мейірбикелердің атқаратын міндеті ортақ, ешқандай айырмашылық жоқ. Әйелдікі, ер азаматтардікі деп бөлуге болмайды.

Алматы қалалық наркологиялық медико-әлеуметтік түзету орталығы бас дәрігерінің орынбасары Шолпан Шайымова Алматы қалалық наркологиялық орталықта 6 мейіргер жігіт жұмыс істейтінін айтады. Алайда мамандардың пікірінше, қыз-келіншектерге қарағанда, ер кісілер мейіргерлік кәсібінде ұзақ тұрақтамайды. Медицина саласында жоғары білім алып, қызметін ауыстыруға тырысады. Нарколог дәрігер Святослав Антыков өзінің дәрігерлік қызметін мейіргерлік жұмыстан бастағанын еске алды.

Ол «1974 жылы оқуға түсіп, 1980 жылы бітірдім. Алматыдағы психиатриялық орталықта санитар, сосын мейіргер болып жұмыс істедім. Ол кезде ер



«Медициналық және мейіргерлік білім беруді одан әрі дамыту клиникалық тәжірибенің, медициналық білім мен ғылыми қызметтің үштуғырлығын көздейді»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

кісі, әйел деп бөлмейтін. Мейіргер жігіттер жайында неге аз білеміз? Себебі медицина саласында олардың саны аз. Оның үстіне, ел арасында қыз-келіншектер осы кәсіптің бет-бейнесі секілді қалыптасты. Менің ойымша, психикалық ауытқуы өрішіп, өзінің әрекетіне ие бола алмайтын науқастарға медициналық көмек көрсету үшін кәсібі білімі мықты, тәжірибесімен бірге қарулы, күшті, қайратты мамандар керек. Бұған қоса, ер-азаматтардың әйелдермен салыстырғанда психологиялық төзімділігі мықты және нақты шешім қабылдауға бейім қабілетін, науқастардың көңілін тез табатын қасиеті бар. Бірақ мейіргердің жалақысы мардымсыз. Отбасын асыраушы азаматтардың медицина саласында білімін жетілдіріп, басқа мамандықты менгеруінің себебі осы», — делі.

Өткен аптада Астанада денсаулық сақтау вице-министрі Ләззат Ақтаева халықаралық мейіргерлер күніне орай өткен жиында ЮНИСЕФ-тің қолдауымен фин үлгісі бойынша оқып жатқан мейіргерлер бакалавр дәрежесін алады және жалақысы өсетінін хабарлады. Пилоттық жоба аясында отандық медицина саласында мейіргер жігіттердің қатары артады деген үміт бар.

Жазира БЕГАЛЫ,
журналист

Жәдігер

(Басы 1-бетте)

Көкпардан, тоғызқұмалақтан әлем чемпионаттары, жамбы атудан «Алтын жебе» халықаралық турнирі, Аударыспақтан әлем кубогі, бәйге түрлері бойынша «ЭКСПО» кубогі, ат спортынан «Алтын тұлпар», қазақ күресінен «Әлем барысы» абсолютті чемпионаты мен «Қазақстан Барысы» сияқты дүбірлі додаларды қала тұрғындары мен қонақтар назарына ұсынды.

Биыл да Елордасы Астананың 20-жылдығы аясында мәдениет және спорт министрлігі ұлттық спортты ұлықтау дәстүрін жалғастырады. Маусым айының 1-2 күндері Астанада теңге ілуден II Азия чемпионаты, аударыспақтан III Азия чемпионаты өткізілмек. Қос бірдей халықаралық ұлттық спорт бәсекелерінде Азия құрлығының 10 мемлекетінен спортшылар келеді деп жоспарлануда. Еске салайық, бұған дейін аударыспақтан I Азия чемпионаты 2014 жылы Астанада, II

табылады. Екінші орын алған балуан «Күміс белбеу», үшінші орын алған балуан «Қола белбеу» иегері атанады.

Женімпаз, жүлдегерлер мен олардың жаттықтырушылары, үздік төрешілер ақшалай сыйлықтар және арнайы дипломмен марапатталады.

17 тамыздан 20 қыркүйекке дейін ұлттық спорт түрлерінен Астана қаласының 20 жылдығына арналған «Ұлы дала рухы» республикалық фестивалі өткізіледі. Бұл фестивальдің жөні бөлек. Себебі дәл осы шарада ұлттық спорттың барлық түрі қамтылған. Іріктеу жарыстары әдеттегідей аймақтардан бастау алады. Фестивальдің актық сыны көкпармен Астана қаласында жабылады.

«Ұлы дала» рухымен «Ұлы дала алааманы» бастауын алады. 150 шақырымға созылатын жарыс

Ерейментаудан Астанаға дейін созылады. Еліміздің барлық облысынан келген спортшылар Аламан бәйгеде

ат үстіндегі ең көне жауынгерлік жаттығуы. Қазір бұл ұлттық спорт өнеріміздің төресі. Аппен шауып бара жатып ауыр серкені іліп алу, қарсыласының тақымынан жұлып алу – әскери жаттығу. Көкпар тарихы ұзақ, тамыры тереңге кеткен дәстүрлі спорт. Бұл ойынның тарихы сонау көктүріктер заманынан бастау алады. Алғаш жауынгерлік жаттығу ретінде

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ, мәдениет және спорт министрі:

Астанада 1-2 маусым аралығында ұлттық спорт түрлері бойынша өтетін Азия чемпионатын мәдениет және спорт министрлігі мен ұлттық спорт түрлері қауымдастығы бірлесіп ұйымдастырады. Биыл чемпионатқа қатысуға ниет білдірген мемлекеттер өте көп. Түркия, Қытай, Ресей, Моңғолия, Ауғанстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және басқа елдердің спортшылары біздің елде бақ сынайды. Егер екі Азия чемпионаты жоғары деңгейде ұйымдастырылса, ЮНЕСКО өкілдерінің көңілінен шығып жатса, онда 2021 жылы ұлттық спорт түрлерінен алғашқы Олимпиада ойындарын Астанада өткізуге барлық мүмкіндік бар.

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

«Асман путасы» деп атайды. Вентрлер, яғни мажарлар да жамбы атудан нас мерген. Жамбыға тайтұяқ пайдаланудың өзіндік сыры бар. Жастарды қызықтыру үшін,



ұлттық спортты дамыту мақсатында нысанаға осындай бағалы күміс тігеді. Алдияр Нұрғазиев «Жамбының түп-тамыры – Жібек жолы бойындағы елдер. Жібек жолы бойындағы елдердің кейбірінде «Ямбы»,

деп атайды. Оққа, яғни жебеге келетін болсақ, оқ: масағы (оқтың сабы), кірісі, қауырсыны (қанаты), ұшы деп аталады. «Ұшы» – жебенің аты. Жебенің қырық түрлі атауы бар. Жамбы атуға арналған жебе ұшы болады. Ысқырық жебе болады. Аң атуға арналған жебе бар. Айта берсек, осылай жалғаса береді. Жебені қайыңнан, тобылғыдан жасайды. Ал садақтың өзіне келетін болсақ, мұны бұрынғы қазақтар «Жақ» деп айтқан. Мерген садақты жаққа тақап ататын болған соң, осылай «Жақ» деп атағаны анық.

Салт-дәстүрге айналған ұлт спорты бірімен-бірі егіз. Жамбы атудың жалғасы «Тенге ілу» деп аталады. Тенге ілу де – жауынгерлік өнер, жауынгерлік спорт болған. Бұрын мерген атқан оғын, тақырған найзасын жиып алу үшін ат үстінен теңге іліп жаттыққан. Қазір бұл өнер ұлттық ат спортымыздың бір қазынасы. Ат құлағында ойнаған шабандоз жердегі теңгені қанша көп ілсе, жеңіске сонша тез жақындайды. Қазір үлкен той-жиындарда теңге ілуге жастарды

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ



Азия чемпионаты 2016 жылы Қытай елінде өткен болатын. Тенге ілуден I Азия чемпионаты 2015 жылы Елорда төрінде ұйымдастырылды.

Елімізде дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан, халық арасында аса үлкен сұранысқа ие «Қазақстан Барысы» турнирі қазақ спортының «шеруін» «Барыс арена» мұз сарайында I шілддеде жалғастырады. Дүбірлі додаға ауылдық, аудандық, облыстық іріктеу кезеңдерінен өткен апайтос балуандар қатысады деп жоспарланған. Әр аймақ өзінің «Түйе балуанын» анықтап, республикалық сынға қосады. ҚР Тұңғыш президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың жүлдесі үшін қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің жеңімпазы «Қазақстан Барысы» атағын алады және «Алтын белбеу» мен алтын «Тайтұяқ» иегері атанады. Алтыннан құйылған «Тайтұяқ» ауыспалы болып

бақтарын сынаиды. Бірінші күні 75 шақырым, екінші күні дәл осындай шақырымды өткізеді. Дүбірлі дода 24-27 тамызға жоспарланып отыр.

Қазақ күресінен түйе балуандар арасындағы «Әлем барысы» абсолюттік Әлем чемпионаты желтоқсанның 1-і күні «Алматы Арена» сарайында өтеді деп жоспарлануда. Чемпионатқа 32 мемлекеттің спортшылары қатысады. Жарыс 90 келіден жоғары бір ғана салмақ дәрежесінде өткізіледі. Чемпионаттың жеңімпазы мен

жүлдегерлері ақшалай сыйлықпен, диплом және «алтын», «күміс», «қола» белбеумен марапатталады.

Алдағы уақытта да мәдениет және спорт министрлігі Ұлы даланың ұлттық құндылықтары мен мәдени мұрасын айшықтайтын ұлттық спорт насихатын жалғастыра бермек. Мәселен, көкпар тарту туралы айтсақ, қазақтың ұлттық спорт ойындары жылдан-жылға кемелденіп келеді. Бұрын көкпарды ауыл арасында ғана тартатын. Қазір бұл ойын республикалық деңгейден асып, халықаралық деңгейде өтетін спортқа айналды. Спорттың бұл түрімен көрші Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Қытай спортшылары жыл сайын жарыс өткізуде. Тіпті өткен жылы Американың үндістері де Сарыарқа төрінде көкпар тартып қайтты.

Сонымен, көкпар қандай спорт? Көкпар – көшпенді қазақтардың

пайда болса, кейін қазақтың салт-дәстүріне айналды.

Белгілі этнограф-ғалым Ахмет Токтабай «Көкпар жайында ең алғаш жазған – орыстың генералы Ермолов. Қазақстан жерінде бірінші рет келіп, көкпарды көріп, қатты сүйсінген. Сол сапардан «Қырғыз қайсақтарының ат үстіндегі ойындары» деп, «Отечественная история» деген журналға 1843 жылы мақала беріпті. Өзі әскери адам болған. Ол кезде қазақтарды «қырғыз-қайсақтары» деп атаған» деп ұлттық спорттың тарихына тоқталды.

Қазақстанның облыс-аймақтарындағы көкпар командалары арасында жыл сайын түрлі жарыс өтіп тұрады. Алматыдағы студенттер арасында көкпар командасы құрылып, қазақтың ат спорты қолға алынды. Қазақ жерінде 1949 жылы көкпар жарысының жана ережесі бекітілген. Көкпарды арнаулы алаңда, командалық сипатта өткізу белгіленді. 1958 жылдан бері көкпар бәйге алаңдарда өткізілуде.

Жамбы ату спорты да қолға алына бастады. Жамбы атудан республикалық чемпион Алдияр Нұрғазиевтің айтуынша, ұлттық спорт түрлері тәуелсіздіктен кейін қолға алынған. Мұндай өнер бәйгесі басқа елдерде бар. Мәселен, жапондықтардікі өздерінше ерекше. Қытайларда да жамбы ату бар. Түріктердікін

енді бір жерлерде «Иумбы» дейді. Бізге «Жамбы» деген атпен келген. Дәстүрлі ұлттық ойынымыздың бірі. Жамбы ату оқты мәреге тигізу ғана емес, бұл жерде ой өрісімізді кеңейту, ата-бабаларымыздың ұлттық ойынын дамыту, келешек ұрпаққа ұлттық ойынымызды таныту», – деп түсіндірді.

Дала дәстүрі бойынша жамбыны садақпен ғана атады. Садақ қайыңнан иіліп, таутекенің мүйізімен қапталып жасалады. Иіні

қызықтыру үшін, спортқа баулу үшін, атпен шауып бара жатып жердегі теңгені жинап алады. Бұл спортқа жаны құштар балаларға үлкен мектеп.

А.Нұрғазиев «Тенге ілумен айналысатын бала ширақ, аттың құлағында ойнайтын, епті, тақымы мықты жігіт болуы керек. Тенге ілу онай нәрсе емес. Шауып, құйындай ұшып бара жатқан аттың үстінен жердегі теңгені іліп алу деген әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Бұл көшпенділерге тән, қазақтың ұлттық



сынып кетпеу үшін малдың сіңірімен бекітілген. Алдияр Нұрғазиев бізге садақтың жасалу технологиясын таныстырды. Мәселен, садақтың екі басы болады. Басы, иіні, белі. «Адырна» деп «кірісті» айтады. Басын, иінін, белін тұтастай адырна

ойыны» деп теңге ілудің қыр-сырын бізге түсіндіріп берді.

Раухан ТОҒЫМБАЕВА,
мәдениет және спорт министрлігі спорт және дене шынықтыру істері комитетінің баспасөз хатшысы



«Қазақстан тәуелсіздігі кезеңінде 20-дан астам ұлттық спорт түрі жанданып дамыды. 2014 жылдың қорытындысы бойынша қарқынды түрде дамыған ұлттық спорт түрлерімен 265,7 мыңнан астам адам шұғылданады (2012 жылы – 229,9 адам, 2013 жылы – 250,9 адам)»

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

Күш атасын танымас

Жер шоқтығы Бурабай көнтінің Айнакөл алаңында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүлдесі үшін қзақ күресінен «Қазақстан Барысы» жарысы өтті. Топ жарған балуан республикалық турнирге жолдама алды.

Қазақтың қанын аламан бәйге мен алапат күрес қыздырады. Осы күні жиі айтылып жүрген ұлттық кодта өшпестей таңбаланған өміршен өнер алдымен осы екеуі шығар. Боз кілемнің төріне облыс аудандарынан 28 балуан шықпақшы. Талапкер аз емес. Сайдың тасындай іріктелген, бұлшық еті бұлт-бұлт ойнаған, бура санды, қақпақ жауырын балуандар бірін-бірі ойсырата жөнуге даяр тұр.

Жарыстың басында дәл қазір облыста алты мыңнан астам адам қазақша күреспен айналысады деген дерек айтылды. Көрсеткіш қомақты.

Рас, облыста тәуір спортшылар бар. Олар облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарда өнер көрсетіп жүр. Арасынан «Ақмола Барысы» облыстық турнирінің чемпионы Нұрлан Жамаловты, ел чемпиондары Леонид Станислав, Бекбол Нұрланұлы тәрізді балуандарды атай кетуге болады. Бразилияда өткен әлем чемпионатында Данияр Темірханов тәуір өнер көрсетті.

Міне, боз кілем үстіндегі белдесу де басталды. Алғашқы жұпта Аршалы



БУРАБАЙДЫҢ БАЛУАНДАРЫ

ауданының өкілі Бекзат Алтынбаев пен Жақсы ауданының өкілі Санжар Бейсенбаев белдесті. Қазақтың «Күш атасын танымайды» дейтін рас екен. Бар болғаны 90 келілік Бекзат 130 келі Санжарды әп-сәтте таза жеңіп, келесі айналымға жолдама алды. Өзімен түп-тура қырық келі артық салмағы бар «Жақсының Барысын» жайратқан Санжарға көрермен қауым тәнті болып

ізетіне ел тәнті. Соңғы айналымда бас жүлде сарапқа салынғанда 112 келі салмақ дәрежесіндегі Мереке Тұрашев қарсыласы Қайрат Махтинді бір минут 30 секундта таза жеңіп, жеңімпаз атанды. Мереке балуан – қазақ күресінің халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия чемпионатының күміс жүлдегері.

Бас жүлдеге Ақмола облысының әкімі Мәлік Мырзалин автокөлік кілтін табыс етті. Жүлделі екінші орын алған Қайран Махтинді Ақмола облысы Қазақ күресі федерациясының президенті Аскар Мұратұлы марапаттап, 400 мың теңге сыйлық берді. Үшінші орынды иеленген Ерейментау балуаны Ербол Нұрланұлы «Қазақстан Барысы» даму қорының атқарушы директоры Жанарбек Рамазанұлы құттықтап, 200 мың теңге ақшалай сыйлық табыс етті.



Сөйтіп, жиналған қауымның көңілін қай балуанның маңдайы жарқырап екен деген күпті күдік жайлаған жарыс та аяқталды.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

